Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.
Мағжан

АҚМЕШІТ жастары

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 01 (382)
07 қаңтар, 2021 жыл

REDAKTOR BAGANY

АТЫҢНАН АЙНАЛАЙЫН, ҚАЗАҚ ЕЛІ!

Айжан ЖҰМАБЕККҚЫЗЫ

Ел газеті «Егемен Қазақстанның» сейсенбі күнгі санында (5 қаңтар, 2021 жыл) Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деген мақаласы жарқ ете қалды. Жұрт аузында дер кезінде жазылған мақала деп бағаланып үлгерген бұл жазба расында да көпшіліктің көкейіндегісін тап басқандай.

Мұның себебі де жоқ емес. Айдын-күннің аманында ауызша ғана емес, жазбаша түрде мәңгі достық келісіміне қол қойылған көршіміз өзінің мемлекеттік деңгейдегі лауазымды адамдарының аузымен айдай әлемге «Қазақ жері – біздің сыйлығымыз» деген сыңайда әңгіме таратты. Апыр-ай ə бұ қазақтың «орыстан досың болса, қойнында айбалтаң болсын» деген сөзі осындайда айтылған екен-ау деп, іштей еріксіз күбірлеп, көңілге күмəн ұялап үлгергенді. Мəңгілік достық жай айтыла салған көп қызыл сөздің бірі емес, 1998 жылы 6 шілдеде қабылданған «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасында XXI ғасырға бағдарланған мəңгілік достық пен одақтастық туралы» Декларация бар. Украина мен Беларусия, көршіміз Қырғызстанды көріп отырып, қалай ышқынбай тұра алады бұл қазақ. Тіпті мұны төрінде күнде қосулы аты дардай «Хабар» телеарнасы орыс тілді журналистің аузымен белден бір-ақ сызып, ашшылық топтың түкке тұрмайтын амбициясы – конспирология деп ат қойып, айдар тағып, əншейін аттандау деп отырса.

Кейде қазақ тілді журналистерді, яғни бізді, тіл мен жер, ұлт, рух, т.б. осындай кең масштабты тақырыпты шиырлай береді деп айыптап жатады ғой. Оны оқып та отырмыз, естіп те жүрміз. Жалпы, өзіміз жақсы біліміз неде болса. Бірақ кейде осындай ішкі-сыртқы жағдайда болып жатқан ірілі-ұсақты оқиғалар енді не дер екен деп қазақ тілді журналистердің қанын қыздырып, сөйлетіп қою үшін əдейі ұйымдастырылатындай көрінеді. Сейтіп бізді бір айтқанын мың айтатын көпірме етіп көрсету де біреудің қасақана ойынындай əсер қалдыратынын несіне жасырайын. Айтып-айтпай не керек, сəйтіп біз бір тақырыпты 10-20 жыл жырлаудан шаршамайтын, «айта-айта Алтайды, Жамал апай қартайды» дегеннің нағыз өзі болып отырмыз. Бірақ айтпасыңа тағы болмайды. Никоновтың шовинистік пиғылдағы əлгіндей сөзін Сыртқы істер министрі сандырақ деп еді, айтары жоқ болған соң, əрине солай дейді деп қарап отыр Федоров деген тағы біреу. Бұлардың қай қайсысы да жай көшеде жүрген көп орыстың бірі емес, Думада салмақты орны бар адамдар. Əрі-беріден соң бұл – Путиннің де позициясы деп ашық айтты. Бірін-бірі іліп əкетіп, көсеумен түртпектеген бұл не деген көрші?!

Қош, сонымен мақалада былай дейді: «...Бабалардан мұра болған қасиетті жеріміз – ең басты байлығымыз. Қазаққа осынау ұлан-ғайыр аумақты сырттан ешкім сыйға тартқан жоқ. Бүгінгі тарихымыз 1991 жылмен немесе 1936 жылмен өлшенбейді. Халқымыз Қазақ хандығы кезінде де, одан арғы Алтын Орда, Түрік қағанаты, Ғұн, Сақ дəуірінде де осы жерде өмір сүрген, өсіп-өнген. Қысқаша айтқанда, ұлттық тарихымыздың терең тамырлары көне заманның өзегінде жатыр. Жалпы тарихпен саясаткерлер емес, тарихшылар айналысуы керек.

Шекара сызығын ресми түрде халықаралық шартпен бекітіп, оны əлем жұртының мойындауы соңғы бірнеше ғасырда үрдіске айналды. Оған дейін қазіргідей делимитация, демаркация деген ұғымдар болмаған. Біз шекара мəселесін шешумен нақты айналысып жатқан кезде кейбір саясаткерлер мен қоғам қайраткерлері «біз бұған асықпайық», «кейін де келісуге болады» деп арқаны кеңге салғысы келгені есімізде. Келіссөздерді табандылықпен жүргізіп, іргемізді дереу қымтап алғанымыз өте дұрыс болғанын уақыттың өзі дəлелдеп берді. Қазір кім не айтса да, біздің екіжақты келісімдермен бекітіліп, халықаралық деңгейде танылған шекарамыз бар. Енді оған ешкім дауласа алмайды» деп нүктесін қойды.

Бұған қоса енді əрі қарай не істеуге болады деген сұраққа жауап береді: «Аумақтық тұтастығымызға күмəн келтіріп, тату көршілік қатынастарға сына қаққысы келетін кейбір шетел азаматтарының арандатушылық іс-əрекеттеріне ресми және қоғамдық деңгейде тойтарыс бере отырып, ағартушылық жұмыстарын ұстамдылықпен жүргізген жөн. Біз ұлттық мүддені аспен де, таспен де қорғауға дайын болуымыз қажеттігін тағы да баса айтқым келеді.

Жоғарыда айтқанымдай, шекара толығымен шегенделді. 2018 жылы Каспий теңізінің құқықтық мəртебесі туралы конвенцияға қол қойылғаннан кейін құрылықтағы ғана емес, теңіздегі шекарамыз да біржола айқындалып, түпкілікті шешілді» дейді Мемлекет Басшысы.

Біздің ең қымбат қазынамыз, ең аяулы құндылығымыз бұл – Тəуелсіздік. Ұлт десе жанып кететін ұл-қыздарымыздың жанашыр пікір-пейілі де осы бір асыл қазынамызды сақтап қала алсақ деген ізгі ниеттен туындайды. Міне, табалдырықтан енген 2021 жылмен бірге біздің Тəуелсіздіктің 30 жылдығы деген мерейлі мерекелі жыл төрге озып отыр. Той да, ой да толайым болғай!

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті:

ТӘУЕЛСІЗДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

БАҒДАР МЕН БЕЛЕС

Биыл қастерлі Тəуелсіздігімізге 30 жыл толады. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін əйгілейтін маңызды белес. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл – көзді ашып жұмғандай қас-қағым сəт. Дегенмен, бұл көптеген халықтар үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дəуір деуге болады. Біз де осындай жолдан өтіп келеміз.

Азаттығымыздың айшықты белесіне шыққанда арбір саналы азаматты «Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деген сауалдар толғандырары анық. Осы тұрғыдан алғанда, бұл – арман-мақсаттарымызды тоғыстырып, болашаққа тың серпінмен қадам басу үшін өткенге тағы бір мəрте оралатын, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді ой елегінен өткізетін маңызды мезет.

Тəуелсіздіктің отыз жылын шартты түрде үш онжылдық белеске бөліп қарастыруға болады. Оның əрқайсысы атқарған миссиясы тұрғысынан ғасырдың жүгін арқалап тұр.

Мен азаттықтың алғашқы онжылдығын жаңа Қазақстанның іргетасын қалау кезеңі деп атар едім. Осы уақытта Елбасының басшылығымен мемлекетіміздің нышандары белгіленіп, билік жүйесі қалыптасты. Ұлттық валютамыз айналымға енді. Қарулы Күштеріміз құрылды. Ата заңымыз қабылданды. Шетелдермен дипломатиялық қатынас орнатылды. Еліміз беделді халықаралық ұйымдарға мүше болды.

«Қазақстан – 2030» стратегиясын қабылдадық. Шығыстағы көршімізбен шекарамызды бекіттік. Басқа да іргелес мемлекеттермен шекара жөніндегі келіссөздер қарқынды жүргізіле бастады. Ел аумағын ядролық қарудан толық тазарттық. Елордамызды Арқа төсіне көшірдік. Нарықтық экономикаға өтіп, жекеменшік институтын берік орнықтырдық. Отандық бизнестің негізін қаладық. Жастар əлемнің мəндайалды оқу орындарында білім ала бастады. Түрлі дағдарыстардан аман өтуге мүмкіндік берген Ұлттық қорымыз құрылды. Дүние жүзіне тарыдай шашылған қазақ баласын атажұртқа шақырып, ұлы көшке жол аштық. Соның нəтижесінде ел еңсесі тіктеліп, ұлттық рухымыз көтерілді.

Екінші онжылдық – Қазақ елінің керегесін кеңейту кезеңі. Осы жылдарда мемлекетіміздің тұғыры нығайып, экономикалық əлеуетіміз арта түсті. Құрлықтағы барлық шекарамызды айқындап, заң жүзінде бекіттік. «Мəдени мұра» бағдарламасын жүзеге асырып, тарихымызды түгендедік. Солтүстік Аралды құтқарып, қашқан теңізді қайтардық. Əлемдік және дəстүрлі діндер көшбасшыларының съездерін, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің саммиттерін өткізуге және басқа да бірқатар маңызды халықаралық жобаларға бастамашы болдық. Елімізге шетелден қомақты инвестиция тарттық. Есілдің жағасында бой көтерген еңселі елордамыз ұлттық идеямызға айналды. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық дəлізі сияқты ірі инфрақұрылымдық жобалар қолға алынды. Тұрғын-үй құрылысы да бұрын-соңды болмаған қарқынмен дамыды.

2-3

ЖАСТАР МӘСЕЛЕСІ – ПАРТИЯЛАР НАЗАРЫНДА

Орталық сайлау комиссиясы 2021 жылдың 10 қаңтарында өтетін Мәжіліс және облыстық, қалалық мәслихат сайлауына қатысатын партиялар тізімін бекітті. Тізім бес саяси партиядан тұрады. Атап айтар болсақ, «Ақ жол» демократиялық партиясы, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы, «Адал» саяси партиясы, «Халық партиясы» және «Nur Otan» партиясы. Орталық сайлау комиссиясының хатшысы Сабила Мұстафинаның айтуынша, Мәжіліс пен мәслихат депутаттарын сайлау науқанына арналған бюджеттік шығыстар сметасы 15,3 миллиард теңгені құрайды. Биыл сайлау науқанының бір ерекшелігі – коронавирусқа қарсы карантин шараларын сақтай отырып өткізілуінде. Бұл да бюджетке қосымша жүктеме: барлық деңгейдегі сайлау комиссиясы мүшелерін жеке қорғаныш заттарымен жабдықтау үшін 341,4 миллион теңге жұмсалады.

Айгүл ҚАРЖАУБАЙҚЫЗЫ

БҰЛ САЙЛАУ БҰРЫНҒЫДАН ӨЗГЕРЕК

Сайлау ел тарихында алғаш рет карантин және шектеу шаралары аясында өтеді. Пандемияның одан әрі өршуі не басылуы дауыс беру үдерісіне өзгеріс енгізері сөзсіз. Сондай-ақ биылғы сайлауда жастар мен әйелдерге партиялық тізімдерде 30 пайыз көлемінде квота бекітілді.

Нәтижесінде қазіргі Мәжілісте әйелдердің үлесі шамамен 27% болды. Бұл жолы Мәжіліс пен мәслихаттарға үштен көп партия өтуі мүмкін. Президент Қ.Тоқаевтың бастамасымен «парламенттік оппозиция» ұғымы бекітілді. Яғни депутаттық корпус арасында «сылдырап өңкей келісім» болмайды, қарсы пікір-позицияның болуы кепілдендірілді. Осы арқылы пікірдің әр алуандылығына, қызу пікірталасқа, идеялар мен бастамалар бәсекесіне өріс ашылады.

Төртіншіден, алғаш рет аудан-қаладан бастап, облыстарға дейінгі барша мәслихат енді пропорционалды модель және партиялық тізіммен сайланады. Өзін-өзі ұсынушылар деген бұдан былай болмайды. Кандидатты партия ұсынады. Әр кандидатқа төленетін жарнаны да саяси партия өзі төлейді. Бұл – биылғы сайлаудағы басты өзгешелік. Осы тұста әр партияның өз сайлау алды бағдарламасы бар. Көпшілігі халықтың әлеуметтік мәселесін алдыңғы қатарға қойып, ұпай теңестіруде. Ал жастардың әлеуметтік мәселесі қаншалықты қамтылған? «Ақмешіт жастары» газеті жастардың осы мәселесіне қай партия қаншалықты көңіл бөлді деген сұраққа жауап іздеп көрді.

6

Жалғасы. Басы 1 бетте

ТӘУЕЛСІЗДІК

Үшінші онжылдықта шаңырағымыз биіктеп, өсіп-өркендеп, мерейлі мемлекетке айналдық. Шекара мәселесін біржола шештік. «Қазақстан – 2050» стратегиясын қабылдап, озық дамыған отыз елдің қатарына қосылуды межеледік.

Әр бағыт бойынша «Үдемелі индустриялық-инновациялық даму», «Нұрлы жол», «100 нақты қадам» сияқты ауқымды бағдарламалар жүзеге асырылды. Саяси және экономикалық реформалармен қатар рухани жаңғыруға баса мән бердік.

Осынау толағай табыстардың бәріне Елбасының дара көшбасшылығының һәм халқымыздың даналығы мен парасатының, бірлігі мен ынтымағының, отандастарымыздың қажырлы еңбегінің арқасында қол жеткіздік. Сондықтан Елбасы Тәуелсіздігіміздің мәңгі символына айналды десек, ақиқатты айтқан болар едік.

Алдағы төртінші онжылдықтың бізге жүктейтін міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу. Бұл жолда саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруымыз қажет.

Біз әділетті қоғам мен тиімді мемлекет құруды көздеп отырмыз. Кез-келген істе әділдік қағидатын басшылыққа алсақ, бұған анық қол жеткіземіз. Мысалы, тұрғындардың тұрмысын жақсарта түспесек, еліміздің жетістіктері мен халықаралық табыстарын мақтан ету артық. Азаматтарымыз экономикалық өсімнің игілігін сезіне алмаса, одан еш қайыр жоқ. Мен әрбір шешімді қабылдар сәтте осы ұстанымды басшылыққа аламын. Біз халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартумен қатар, барлық азаматтардың мүддесін бірдей қорғаймыз. Менің ұғымымдағы әділетті мемлекет дегеніміз – осы.

Тарихқа көз жүгіртсек, әр буын белгілі бір сынақты басынан өткереді. Біздің бабаларымыз «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаны», аталарымыз алапат ашаршылықты, қуғын-сүргінді, дүниежүзілік соғысты көрді.

Тоталитарлық кезеңде ұлттық құндылықтарымыздан, тілімізден, діліміз бен дінімізден айырылып қала жаздадық. Оның бәрі Тәуелсіздіктің арқасында халқымызға қайта оралды. Бірақ ұлт пен ел ретінде сақталып қалу үшін бүгінгі және болашақ ұрпақ жаңа сын-қатерлерге дайын болуы керек.

Қазіргі пандемия және соның салдарынан туындаған дағдарыс бүкіл әлемнің бұрын болмаған жаңа сынақтармен бетпе-бет келіп отырғанын анық көрсетті. Экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, биологиялық және басқа да қатерлерге қоса, жер жүзіне жағымсыз идеологиялық вирустар да жайылып келеді. Жаһандану кезінде ел жат жұрттың ықпалына бейсаналы түрде ілесіп кеткенін аңғармайды. Басқаша айтқанда, мәжбүрліктен емес, санасының улануы арқылы өз еркімен торға түседі. Сондықтан жаңа заманның жақсы-жаманын екшеп, артықшылықтарын бойға сіңірумен қатар, тамырымызды берік сақтауымыз қажет. Ұлттық болмысымыздан, төл мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізден ажырап қалмау – барлық өркениеттер мидай араласқан аласапыранда жұтылып кетпеудің бірден бір кепілі.

> Біз әділетті қоғам мен тиімді мемлекет құруды көздеп отырмыз. Кез-келген істе әділдік қағидатын басшылыққа алсақ, бұған анық қол жеткіземіз. Мысалы, тұрғындардың тұрмысын жақсарта түспесек, еліміздің жетістіктері мен халықаралық табыстарын мақтан ету артық. Азаматтарымыз экономикалық өсімнің игілігін сезіне алмаса, одан еш қайыр жоқ. Мен әрбір шешімді қабылдар сәтте осы ұстанымды басшылыққа аламын. Біз халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартумен қатар, барлық азаматтардың мүддесін бірдей қорғаймыз. Менің ұғымымдағы әділетті мемлекет дегеніміз – осы.

ТАНЫМ МЕН ТАҒЫЛЫМ

Бүгінде Тәуелсіздік құрдастары ойы толысқан отыз жасқа толды. Егемен елде дүниеге келіп, өсіп-жетілген олардың санасы сергек, көзқарастары да, өмір салттары да өзгеше. Тіпті Тәуелсіздікті ешбір дәлелді қажет етпейтін аксиома деп біледі. Бұл – егемендік ұғымы жастардың санасына берік орныққанын көрсететін қалыпты құбылыс. Бірақ Тәуелсіздік құндылығы жадына біржола шегеленіп, мәңгі сақталуы үшін өскелең ұрпақ оның қадірін білуі керек.

Бостандық бізге оңайлықпен келген жоқ. Ата-бабаларымыз азаттық жолында арпалысты. Талай зұлмат замандар мен нәубеттерді бастан өткерді. Осының бәрі халықтың есінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа берілуге тиіс.

Кезінде «Мәдени мұра» бағдарламасы ұлт шежіресін түгендеуге жол ашты. Отандық тарих ғылымы тың серпінмен дамып, түрлі бағыттар бойынша көптеген зерттеу жүргізілді. Бұрын бәймәлім болған қаншама тарихи деректер, археологиялық қазыналар табылды. Тарихымыз сан мың жылдан тамыр тартатынын айғақтайтын жаңалықтар ашылды. Елбасының осындай іргелі бастамалары халқымыздың тарихи санасын жаңғыртуға зор үлес қосты. Бағдарлама аясындағы еңбектер том-том болып жарыққа шықты. Дегенмен, сол қажырлы еңбектің жемісін көпшілік көріп отыр ма? Зерттеу жобаларының біразы ғылыми институттар мен орталықтардың аясында ғана қалып қойған жоқ па?

Мұндай іргелі ізденістердің нәтижесі тек осы сала мамандарының игілігіне ғана айналуы орынсыз. Оны қалың жұртшылыққа түсінікті және қолжетімді ету қажет. Өйткені тарихшылардың ғана емес, барша жұрттың, әсіресе, жас ұрпақтың тарихи санасы айқын әрі берік болуға тиіс. Бұл ретте, ауқымды көрмелермен немесе басқа да үлкен жобалармен әуестенбей, балаларға, жастарға арналған қарапайым әрі қабылдауға жеңіл туындыларға баса мән берген жөн. Мысалы, деректі және көркем фильмдерді алайық. Осы бағытта «Алмас қылыш», «Жау жүрек мың бала», «Томирис», «Кейкі батыр», «Тар заман» сияқты тарихи фильмдер түсірілді. Бірақ бұл әлі жеткіліксіз.

Мен құзырлы органдар мен отандық телеарналарға мемлекеттік тапсырыстың белгілі бір бөлігін міндетті түрде тарихи тақырыптарға бағыттауды тапсырамын. Әрине, қаржы мәселесі шешілуі керек. Дегенмен, көп қаражат жұмсамай да жоғары деңгейдегі өнер туындысын түсіруге болатынын қырғыз бауырларымыз «Құрманжан датқа» фильмі арқылы анық көрсетті.

Бүгінде әлемдік киноиндустрияда тарих тақырыбындағы сценарийлерге сұраныс жоғары. Американың да, Еуропаның да айтулы оқиғалары туралы фильмдер өте көп. Қазір Netflix, HBO және басқа да алпауыт кинокомпаниялар Азияға бет бұруда. Осы орайда біздің де шежіремізде ауқымды фильмдерге арқау болатын маңызды белестер мен оқиғалар баршылық. Мысалы, әлемдегі ең қуатты империялардың бірі болған Алтын орда тарихы дайын тұрған жоқ па?! Бұл мәселеге болашақта кино саласының мамандары баса назар аударғаны жөн.

Көркем және деректі тарихи туындыларда мемлекеттілік және мемлекетшілдік идеясы әрдайым көрініс табуы қажет. Біз кезінде елге қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен Алаш қайраткерлерінен тағылым аламыз. Олар өткен ғасырдың басында тәуелсіздік идеяларын халық арасында дәріптеуге зор еңбек сіңіріп, азаттық жолында құрбан болды.

Тәуелсіздігіміздің мерейтойы аясында осындай біртуар тұлғаларды еске алып, олардың мұрасын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек. Сонымен бірге осы тақырыпты зерттеп жүрген ғалымдар мен жазушылардың да еңбегі қолдауға ие болуы және бағалануы қажет. Алаш арыстарының асыл мұрасын игеру жалғаса беруге тиіс.

Миллиондаған адамды қазаға ұшыратып, тірі қалғанын жан сауғалап босып кетуге мәжбүр еткен алапат ашаршылықтың алғашқы кезеңі – 1921-1922 жылдардағы нәубеттен бері 100 жыл өтті. Сол зұлматтың кесірінен қырылып қалмағанда, халқымыздың саны қазіргіден әлденеше есе көп болар еді.

Тарихымыздың осы ақтаңдақ беттері әлі күнге дейін жан-жақты зерттелмей келеді. Тіпті ғалымдардың арасында ашаршылық құрбандарының нақты саны туралы ортақ пайым жоқ. Ала-құла деректер және оның себеп-салдары жайлы әртүрлі көзқарастар қоғамды адастырады. Тиісті тарихи құжаттарды, жиналған мәліметтерді аса мұқият зерделеу керек.

Білікті мамандар жүйелі зерттеумен айналысып, соған сәйкес ашаршылық мәселесіне мемлекет тарапынан баға берілгені жөн. Біз бұл күрделі мәселеге ұстамдылықпен және жауапкершілікпен қарауымыз қажет. Жалпы, тарихи зерттеулерді ұраншылдық пен даңғазасыз, таза ғылыми ұстаныммен жүргізген дұрыс.

Биыл әйгілі Желтоқсан оқиғасына 35 жыл толады. 1986 жылы өрімдей ұл-қыздарымыз Кеңес Одағының қаһарынан қаймықпай, ұлт намысы үшін алаңға шықты. Осы күннен соң тура бес жыл өткенде Тәуелсіздігімізді жариялауымыздың символдық мәні зор. Бұл орайда, азаттықтың алғашқы қарлығаштары – Желтоқсан қаһармандарының азаматтық ерлігі лайықты бағасын алып, жоспарлы түрде насихатталуы керек.

Біз жыл соңына дейін жаңа тарихымыздағы бірнеше айтулы оқиғаның мерейлі белесін атап өтеміз. 1991 жылы Семей полигоны жабылды. Оның еліміз ғана емес, барша адамзаттың болашағы үшін айрықша маңызды шешім екенін ескеріп, арнайы іс-шара өткізу қажет деп санаймын. Елбасы қол қойған Жарлықтың арқасында Қазақстан бүкіл дүние жүзіне ядролық қару-жараққа қарсы әлемдік қозғалыстың көшбасшысы болып танылды, алып мемлекеттердің сеніміне ие болды, халықаралық қоғамдастықта жауапкершілігі жоғары ел ретінде мойындалды.

«Өткен күннен алыс жоқ, келер күннен жақын жоқ» дейді халқымыз. Кешегі өткен хандар мен қағандардың дәуірі ғана емес, соңғы отыз жылдағы жасампаздық жолымыз да бүгінде тарихқа айналып, күн сайын алыстап барады. Азаттық таңын өз көзімен көрген алдыңғы буын болмаса, кейінгі жастар өткен ғасырдың 90-жылдарындағы тарихи оқиғалардың тереңіне бойлап, мәнін жете түсіне бермейді. Тәуелсіздікке тағдырдың бере салған сыйы ретінде қарайды. Шын мәніндегі ахуал олай емес.

Елбасы сол кездегі саяси, экономикалық, әлеуметтік, демографиялық және басқа да жағдайларға байланысты жеті рет емес, жетпіс рет өлшеп, бір рет кесуге мәжбүр болды. Біз тығырықтан шығар жолдың саңылауы да көрінбейтін қиын күндерден қақтығыс пен қантөгіске ұрынбай аман шығып, ешкімге есемізді жібермей, жаңа сипаттағы Қазақ мемлекетін құрдық. Бүгінгі және болашақ ұрпақ мұны әрдайым біліп отыруы керек. Сол үшін Қазақстанның жаңа тарихын да жүйелі зерттеген жөн.

Шынына келсек, Тәуелсіздік жылдарында бірнеше рет қолға алынғанына қарамастан, ұлттық мүддемізге сай келетін көп томдық жаңа тарихымыз әлі толық жазылған жоқ. Оның тұжырымдамасын бұған дейінгі олқылықтарды ескере отырып қайта қарап, жаңа ғылыми ұстанымдар мен жаңалықтардың негізінде тыңнан жазатын уақыт әлдеқашан келді. Барлық оқулықтар осындай іргелі еңбекке негізделіп әзірленеді. Бұл – ұлт шежіресін дәріптеу тұрғысынан алғанда стратегиялық маңызы бар мәселе. Сондықтан, Қазақстанның академиялық үлгідегі жаңа тарихын жазуды дереу бастау керек. Түптеп келгенде, тарихи сананы жаңғырту мәселесінің түйіні – осы. Бұл іске беделді тарихшыларымызды тарту қажет.

Сонымен қатар шетел аудиториясына арналған Қазақстанның қысқаша тарихын жазып, әлемнің негізгі тілдеріне аударуды ұсынамын. Бұл – қазақтың сан ғасырлық шынайы тарихын әлемге танытудың бірден-бір жолы.

Әрбір халық өзінің арғы-бергі тарихын өзі жазуға тиіс. Бөтен идеологияның жетегімен жүруге болмайды. Ұлттық мүдде тұрғысынан жазылған шежіре ұрпақтың санасын оятып, ұлттың жадын жаңғыртуға мүмкіндік береді.

ҚОҒАМ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚ

Егемендігіміздің мәңгілік ұштағаны – Алтайдан Атырауға, Алатаудан Арқаға дейін кең көсілген байтақ жеріміз, ананың ақ сүтімен бойымызға дарыған қастерлі тіліміз және барлық қиындықтардан халқымызды сүріндірмей алып келе жатқан береке-бірлігіміз. Біз осы үш құндылықты көздің қарашығындай сақтаймыз.

Бабалардан мұра болған қасиетті жеріміз – ең басты байлығымыз. Қазаққа осынау ұлан-ғайыр аумақты сырттан ешкім сыйға тартқан жоқ. Бүгінгі тарихымыз 1991 жылмен немесе 1936 жылмен өлшенбейді. Халқымыз Қазақ хандығы кезінде де, одан арғы Алтын Орда, Түрік қағанаты, Ғұн, Сақ дәуірінде де осы жерде өмір сүрген, өсіп-өнген. Қысқаша айтқанда, ұлттық тарихымыздың терең тамырлары көне заманның өзегінде жатыр. Жалпы, тарихпен саясаткерлер емес, тарихшылар айналысуы керек.

Шекара сызығын ресми түрде халықаралық шартпен бекітіп, оны әлем жұртының мойындауы соңғы бірнеше ғасырда үрдіске айналды. Оған дейін қазіргідей делимитация, демаркация деген ұғымдар болмаған.

Біз шекара мәселесін шешумен нақты айналысып жатқан кезде кейбір саясаткерлер мен қоғам қайраткерлері «біз бұған асықпайық», «кейін де келісуге болады» деп арқаны кеңге салғысы келгені есімізде. Келіссөздерді табандылықпен жүргізіп, іргемізді дереу қымтап алғанымыз өте дұрыс болғанын уақыттың өзі дәлелдеп берді. Қазір кім не айтса да, біздің екіжақты келісімдермен бекітіліп, халықаралық деңгейде танылған шекарамыз бар. Енді оған ешкім дауласа алмайды.

Аумақтық тұтастығымызға күмән келтіріп, тату көршілік қатынастарға сына қаққысы келетін кейбір шетел азаматтарының арандатушылық іс-әрекеттеріне ресми және қоғамдық деңгейде тойтарыс бере отырып, ағартушылық жұмыстарын ұстамдылықпен жүргізген жөн. Біз ұлттық мүддені аспен де, таспен де қорғауға дайын болуымыз қажеттігін тағы да баса айтқым келеді.

Жоғарыда айтқанымдай, шекарамыз толығымен шегенделді. 2018 жылы Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қойылғаннан кейін құрлықтағы ғана емес, теңіздегі шекарамыз да біржола айқындалып, түпкілікті шешілді.

Қазақстан – біртұтас мемлекет. Еліміз оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс деп бөлінбейді. Бұл – тек бағытты білдіретін шартты атаулар. 2018 жылы Елбасының Жарлығымен Оңтүстік Қазақстан облысына Түркістан атауы берілді. Тарихи әділдікті қалпына келтірген орынды шешімді халық бірауыздан қолдап, өте жылы қабылдады. Өйткені, мұндағы шежірелі шаһар ғана емес, тұтас өңір көне замандардан бері Түркістан деп аталған. Осы игі үрдісті еліміз бойынша жалғастыруға болады. Біз мұндай қадамдарды байыппен жасаймыз.

Жерге байланысты бәріміз айқын білетін және бұлжымайтын ақиқат – қазақтың жері ешбір шетелдіктің меншігіне берілмейді, ешқашан сатылмайды. Осыны әр азаматымыз санасына берік сіңіруі қажет. Келесі жылы Жер кодексінің жекелеген нормаларына қатысты енгізілген мораторийдің мерзімі аяқталады. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді айналымға енгізіп, халықтың игілігіне жарату – өте маңызды мәселе. Сондықтан биыл Жер мәселесі жөніндегі комиссияны құрып, соның аясында бір байламға келген жөн.

Қазақ үшін тоқымдай жердің өзі қымбат, бір уыс топырақтың өзі алтын. Бірақ біз соны бағалай білеміз бе?! Жер қадірін білу жалаң ұранмен өлшенбейді. Өкінішке қарай, асқар тауларымыз бен айдын көлдерімізді, ұлан-ғайыр даламызды ластап жатқан да өз азаматтарымыз. Көкжайлауға от жағып, қоқыс шашып кеткен де, Көбейтұздың батпағын шелектеп тасып, көлдің ортасында көлікпен ойқастаған да солар. Бір тұтам мүйізі үшін көзін мөлдіретіп киіктерді қырған да өзгелер емес. Қасиетті жеріміздің киесінен қорықпай, жат жұрттың да қолы бармас әрекеттерді жасап отырып, қалайша осы мекеннің иесіміз деп кеуде соға аламыз? Бұл – ащы да болса, шындық. Біз жеріміздің шын жанашыр иесі екенімізді нақты іспен көрсетуге тиіспіз. Ол көшеге қоқыс тастамау, көрінген жерге от жақпау сияқты қарапайым нәрселерден бастап, жалпыхалықтық сипаттағы ауқымды экологиялық шаралар арқылы көрініс табуы қажет.

Мұның бәрі тәлім-тәрбиеден басталады. Ата-анасымен бірге ауласына ағаш екпеген, үлкендердің жан-жануарға мейірімін көрмеген, кішкентайынан табиғатты аялауға дағдыланбаған бала өскенде туған жеріне жаны ашымайды. Мәселе экологияда емес – отаншылдықта, заңда емес – санада.

Елі мен жерін сүю үшін жас ұрпақ байтақ Қазақстанның ғажайып жауһарларын білуге тиіс. Батыста Бозжыра мен Шерқала, күнгейде Ақсу-Жабағылы мен Сайрам-Өгем, Жетісуда Хан Тәңірі мен Шарын, Көлсай мен Қайыңды, Қапал- Арасан, Алтынемел мен Бұрхан бұлақ, шығыста Мұзтау мен Шыңғыстау, Марқакөл мен Рахман қайнары, Арқада Бурабай мен Баянауыл, Ұлытау мен Қарқаралы, терiскейде Имантау мен Айыртау және басқа да көрікті жерлеріміз жетіп артылады. Жер жәннатын алыстан іздеудің қажеті жоқ. Бәрі өзімізде бар. Жастарға осындай керемет табиғатымызды танытып, оны қадірлеуге баулуымыз керек.

> Жерге байланысты бәріміз айқын білетін және бұлжымайтын ақиқат – қазақтың жері ешбір шетелдіктің меншігіне берілмейді, ешқашан сатылмайды. Осыны әр азаматымыз санасына берік сіңіруі қажет. Келесі жылы Жер кодексінің жекелеген нормаларына қатысты енгізілген мораторийдің мерзімі аяқталады. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді айналымға енгізіп, халықтың игілігіне жарату – өте маңызды мәселе. Сондықтан биыл Жер мәселесі жөніндегі комиссияны құрып, соның аясында бір байламға келген жөн.

БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

Уақыт ұттырмай қолға алып, дәйекті түрде іске асыратын тағы бір шаруа бар. Халықтың қалалық жерлерге жаппай көшуі салдарынан көптеген ауылдарда, әсіресе, шекара маңындағы елді-мекендерде тұрғындар саны күрт азайды. Біз еңбек күші көп оңтүстік өңір тұрғындарының солтүстік және шығыс аймақтарға қоныстануына қолайлы жағдай жасап, осы жұмысты назарда ұстаймыз. Бұл – өте өзекті әрі еліміздің қауіпсіздігіне қатысты мәселе. Бұған қоса соңғы жылдарда түрлі себептерге байланысты бөсендап қалған қандастар көшін барынша қолдап, оларды жоғарыда айтылған өңірлерге орналастыруды жандандырамыз.

Бұл екі мәселенің де стратегиялық маңызы бар. Оған кезекті науқан ретінде қарауға болмайды. Жергілікті билік мұндай жұмыстарды жоғарыға көпірген ақпар беру үшін емес, мемлекеттік мүдде және ағайынға шынайы жанашырлық тұрғысынан жасауға тиіс.

Еліміздің басты нышандарының бірі – мемлекеттік тіл. Қазақстанның мемлекеттік тілі қазақ тілі екені Ата заңымызда 90-жылдардағы күрделі кезеңнің өзінде нақты жазылған. Біз тәуелсіздік дәуірінде ана тіліміздің дамыту үшін барлық жағдайды жасадық. Осы аралықта қазақ тілінде білім беретін мектептер мен оқу орындарының, балабақшалардың саны еселеп көбейді.

Бүгінде мемлекеттік тілді білетін қазақтың да, өзге этнос өкілдерінің де үлесі едәуір артты. Қазақ тілін, шын мәнінде, бүкіл халқымызды біріктіруші факторға айналдырудың барлық құқықтық тәсілдері және кепілдіктері қалыптасты. Мәселе – ниетте. Ниеттің дұрыс болуы қазақ тілін меңгергісі келетін адамдарға да, осы мақсатқа жетуге жағдай жасайтын Үкіметке де байланысты.

Тіл игеру үшін балалар әдебиетінің атқаратын рөлі зор. Сондықтан қазақ қаламгерлерінің үздік шығармаларына қоса, балаларға арналған шетел жазушыларының да таңдаулы туындыларын аударып, көптеп басып шығаруды және таратуды қолға алған жөн. Оған сұраныс жоғары.

Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы. Міндеті деп те айтуға болады. Осы орайда мен барша қазақстандықтарға, оның ішінде қазақ тілін әлі жете меңгермеген отандастарыма үндеу тастағым келеді. Жастар ағылшын тілін немесе басқа да тілдерді аз ғана уақытта меңгере алатынын көріп отырмыз.

Тұтас буын алмасқан осы жылдарда қазақ тілін үйренгісі келген адам оны әлдеқашан біліп шығар еді. Халқымызда «Ештен кеш жақсы» деген сөз бар. Ең бастысы, ынта болуы керек.

Ана тілімізді кеңінен қолдану – басқа тілдерге, әсіресе орыс тіліне шектеу қойылады деген сөз емес. Барша этнос өкілдерінің ана тілін, салт-дәстүрін дамытуға мүмкіндік жасала береді. Жастарымыз бірнеше тіл білу өздерінің көкжиегін кеңейтіп, көкірек көзін оятатынын жете түсінгені абзал. Бізді қай заманда да қиындықтардан аман алып келе жатқан басты құдірет – ел бірлігі. Ынтымағы жарасқан жұрттың қашанда ұпайы түгел. Түрлі жағдайларға байланысты қазақ жеріне әр кезеңде әртүрлі ұлт өкілдері көптеп қоныстанды. Қазақ халқы ешкімді жат көрмей, бауырына басты. Бүгінде олардың туған жері де, Отаны да – Қазақстан. Біз көпэтностық сипатымызды артықшылығымызға айналдыра алғанымыз анық. Көптеген шетелдік сарапшылардың елімізге қатысты «Еуразиядағы шырпы тисе лап еткелі тұрған құрай», «failed state» сияқты болжамдарын жоққа шығардық. Бұл жолда тыныштық пен тұрақтылықтың бастауы болған Қазақстан халқы жөн. Бүкіл қоғамды ұйыстыратын құндылықтар неғұрлым көп болса, бірлігіміз де соғұрлым бекем болады.

ҰЛАҒАТ ПЕН ҰСТАНЫМ

Соңғы кезде қазақстандықтардың ел өміріне белсенді араласуға, шешім қабылдау үдерісіне катысуға ынтасы артып келеді. Менің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамам және Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі – осы сұранысқа тікелей жауап. Оны Ордабасыдағы, Құлтөбедегі, Ұлытаудағы ұлы жиындардың заманауи үлгісі деуге болады. Біз қазақтың қанына сіңген қасиет – келелі істі ақылдасып бірге шешу дәстүрін жалғастыра береміз. Бұл бастамалар азаматтық қоғамды дамытуға негіз болады. Қазіргі шаралар аяқ астынан мәжбүрліктен қолға алынған жоқ. Ол – елімізді демократияландыруға, саяси жүйені жаңғыртуға бағытталған саясаттың жемісі.

Саяси реформа бір күннің немесе бір жылдың шаруасы емес. Мұны ел іргесін шайқалтпай, береке-бірлігін бұзбай, байыппен және біртіндеп іске асырғымыз керек. Бірақ реформаны соза беруге де болмайды. Билік халықтың алдындағы өз жауапкершілігін сезінгені жөн. Сол себепті біз ауыл және кент әкімдерін сайлауға көшеміз. Осы арқылы ел төменгі деңгейден бастап жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін нығайтамыз.

Бұл қадам өзекті мәселелерді тұрғындар мен жергілікті биліктің бірлесіп шешуі үшін қажет. Содан кейін аудан әкімдерін сайлаймыз. Жаңа жүйе өзінің тиімділігін көрсетсе. будан да жоғары деңгейдегі әкімдерді сайлайтын боламыз.

Бірақ саяси жаңғыру барысында асығыстыққа бой алдыруға және жалан ұранға еріп, мемлекеттік жүйені дағдарысқа ұшыратуға болмайды. Бір сәтте барлығын түбірімен өзгерту неге әкеп соқтыратынын кейбір елдердің бүгінгі ахуалынан көріп отырмыз. Елімізде, ең алдымен, адамның күкіғын толығымен сақтауға негізделген заң мен тәртіп болуы керек. Анархия мен жүгенсіздік жақсылыққа апармайтыны анық.

Қазақстанның саяси жүйесі заман талабына сай дамып келеді. Мәжіліс депутаттарының биылғы сайлауы – көппартиялы Парламентті орнықтыру жолындағы маңызды қадам. Бізде саяси көзқарастары әртүрлі партиялар бар. Олардың ұстанымдары консервативті, либералды. ұлтшыл, социалист және тағы басқа болуы мүмкін. Бұл – табиғи үдеріс. Саяси плюрализм мемлекетті эволюциялық жолмен дамытуға және нығайтуға мүмкіндік береді. Саяси күштер осындай әралуан болса да, баршасын біріктіретін және бәріне ортақ құндылық бар. Ол – қастерлі Тәуелсіздік.

Біздің мақсатымыз – келер ұрпаққа Қазақстанды тұғыры мығым, экономикасы қуатты, оухы асқақ мемлекет ретінде табыстау және елдік істерді шашау шығармай лайықты жалғастыратын жасампаз ұрпақ тәрбиелеу.

ХХІ ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін ұздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алады. Білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс. Бұл туралы ұлы Абай: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ, Онан басқа нәрселмен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» деген.

Тәуелсіздік жылдарында талантымен таңдай қақтырған жас өрендердің тұтас легі өсіп-жетілді. Бүкіл әлемді аузына қараткан ғажайып дарын иелері де бар. Олар – Қазақстанның мәдени келбеті, еліміздің халықаралық аренада танытып, Тәуелсіздік құндылықтарын жер жүзіне паш ететін рухани елшіперміз, біздің айрықша күшіміз («soft power»). Осындай азаматтарға қамкор болу – мемлекеттің міндеті.

Жаһандану заманында айдай әлем алақандағыдай болып қалды. Талапты ұл-қыздарымыздың жер жүзіндегі кез-келген елге барып, білім алуы қалыпты үрдіске айналды. Сонда қалып. қызмет істеп жүргендер де аз емес. Осы орайда, ел ішінде жастар шетелге кетіп жатыр деген аландаушылық бар. Мен жастарымыз білімін жетілдіріп, бәрібір елге оралады немесе шетелде жүріп-ақ Қазақстанның мүддесін қорғайды деп сенемін.

Халқымыз «Атың барда жер таны, желіп жүріп» дейді. Кезінде Елбасы бозбала шағында Украинаға аттанып, еңбек, білім және әкімшілік дағдыларына ие болды. Мен де білім қуып Мәскеуге сапар шектім, өзге мемлекеттерде жұмыс істедім. Біздің талай замандастарымыз бүгінгі жастар сияқты алыс шетелдерге бара алмаса да, Кенес Одағының түрлі қалалаоында білім алды. Бірақ басым көпшілігі тамырынан ажырап, ол жақта біржола қалып қойған жоқ, Елге келіп, еңбек етті. Сондықтан жырақта жүрген жастарымыздан айырылып қаламыз деп уайымдаудың жөні жоқ. Біздің міндетіміз – олардың бойына мемлекетшілдік рухын сіңіоіп, қай жерде жүрсе де туған елдің игілігіне қызмет етуге жұмылдыру. Мысалы, әлемнің ең дамыған елдерінде өз кәсіптерін бастаған және алпауыт компанияларда жұмыс істеп жүрген азаматтарымыздың осындағы замандастарымен байланысын нығайтып, тәлімгерлік етуіне жағдай жасауымыз керек.

Дарынды жастардың бәрі шетелде жүрген жоқ. Ел ішінде де білікті әрі білімді өрендер жетіп артылады. Біз оларды басшылардың жаңа буынын дайындауға барынша тартып жатырмыз. Менің бастамаммен құрылған Президенттік кадр резерві – осынын айқын дәлелі. Жобаның келесі кезеңінде қоғам мүддесіне адал көшбасшыларды іиіктеуге ерекше назар аударамыз. Билік органдарындағы азаматтар. ең алдымен, ұлттық мүддеге берік болуға тиіс.

«Жас келсе – іске» дейді халқымыз. Жастар – қашанда тың идеялардың қайнар көзі, оң өзгерістердің қозғаушы күші. Сондықтан өскелең ұрпақтың осындай әлеуетін дұрыс арнаға бағыттап, тиімді пайдалануымыз керек. Осы орайда Президент жанындағы Жастар кеңесінің қызметін жандандырған жөн. Оны білікті әрі білімді жастарды жұмылдыратын жүйелі жұмыс алаңына айналдырамыз. Бұдан бөлек, мен азаттық жылдарында дүниеге келген, әлі таныпып үлгермеген талантты жастарды қолдау мақсатында «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты грант тағайындауды ұсынамын.

Біз не істесек те, бәрін келер ұрпақ үшін жасаймыз. Мемлекеттік саясаттың болашақ алдындағы жауапкершілігін терең сезінеміз. Бұл устанымнан ешкашан айнымаймыз. Ең ғажайып ерліктер Отанға шексіз сүйіспеншіліктен туындайтыны сөзсіз. Шын отансүйгіштік дегеніміз – жалаң ұран тастау емес, еліңе, халқыңа қызмет ету.

Адам баласы дүниеге патриот болып келмейді. Ол білім мен тәрбие алып, әлеуметтік ортамен араласып, азаматтық болмысын қалыптастыоу кезінде патриотқа айналады. Өзінің жеке мақсат-мүдделері қоғам игілігімен үндесіп, елінің дамуына елеулі үлес қосып жатқанын жан-жүрегімен сезінген адам нағыз бақытқа кенеледі.

Халқымыздың біртұар перзенті Әлихан Бөкейханов «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген. Біз шынайы патриоттық сезіммен рухтанып, қасиетті Тәуелсіздігімізді одан әрі нығайта түсу үшін бірлесе жұмыс істеуіміз керек.

Барша отандастарыма. әсіресе, жастарға айтарым: кең байтақ Қазақстанды асқақ армандарын мен батыл жоспарларыңды емін-еркін жүзеге асыра алатын. табысына мақайып, әрдайым тілеуіңді тілейтін қасиетті Отаның ретінде бағаландар! Мен жаңа Қазақстан патриотизмінің жасампаздық құдіретіне сенемін.

Тәуелсіз ел болу оны жариялаумен немесе мемлекеттің іргетасын қалаумен шектелмейді. Тәуелсіздік үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен, ұздіксіз әрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі жалғасады. Біз қуатты тәуелсіз мемлекетімізбен ғана ұлт ретінде жер бетінде сақталамыз. Осы айнымас анықатты берік ұстануымыз кажет. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат!» деген бір ауыз сөз мәңгі ұранымыз болуға тиіс.

Ұлтымыздың ұлы устыны – қастерлі Тәуелсіздігімізі барша жұртымыздың патриоттық рухымен асқақтай берсін!

> Қазақстанның саяси жүйесі заман талабына сай дамып келеді. Мәжіліс депутаттарының биылғы сайлауы – көппартиялы Парламентті орнықтыру жолындағы маңызды қадам. Бізде саяси көзқарастары әртүрлі партиялар бар. Олардың ұстанымдары консервативті, либералды, ұлтшыл, социалист және тағы басқа болуы мүмкін. Бұл – табиғи үдеріс. Саяси плюрализм мемлекетті эволюциялық жолмен дамытуға және нығайтуға мүмкіндік береді. Саяси күштер осындай әралуан болса да, баршасын біріктіретін және бәріне ортақ құндылық бар. Ол – қастерлі Тәуелсіздік.

АБАЙ АУЫЛДАСТАРЫНА КӨЛІК МІНГІЗДІ

“Қайраты бар кісінің, берекеті бар ісінің...” дейді. Ақсу ауылындағы “Ақбостай” фермер қожалығының төрағасы Абай Боранқұловтың күріш егумен айналысып келе жатқанына не бары екі жыл. Осындай аз уақыттың ішінде өзінің іскерлігін көрсетіп, ә дегеннен ауылдың еңсесін тіктеуге шама-шарқынша талпынып келеді. Бүгінде ол 250 гектар жерге күріш егіп, қырық адамды жұмыспен қамтып отыр.

Жаздың ми қайнатқан ыстығында ақ маржанды алқапты аралап жүрген Абайды көргенде жап-жас Жақаевты көргендей сүйісінесің. Даңқ та, бақ та, абырой да, атақ та – еңбекте екенін жақсы түсінеді. Сондықтан Абай егіс даласындағы жұмысты кеңсесіндегі желдеткіштің астында немесе көлігінің ішін көлеңкелеп отырып басқармайды. Жұмысшыларымен бірге жүріп, бірге қимылдайды.Адамдардың барлығы компьютердің алдына байланып қалған мына заманда жерге бір еңкейгенінің өзі еңбек. Бір сабақ күріштің басында бір қамба дән бар. Сондықтан дала еңбеккері – диқандарда ысырап деген түсінік болмайды.

Соқа-сайманың сай болмаса, егістен өнім алмайсың. Екі жыл көлемінде қожалық төрағасы Абай Боранқұлов техникаларды да жаңартып алған. Бүгінде заманауи үлгідегі жаңа комбайндар жұмыс өнімділігін арттырып, дәнді ысырапсыз жиып алуға мол мүмкіндік беріп отыр. “Егіс көлемі ұлғайса, егін шаруашылығына қажетті техникалар да көбейе береді”, – дейді іскер азамат.

Тынымсыз еңбектің арқасында биыл да «Ақбостайлықтар» қамбаны қызылға толтырды. Жаңа жыл қарсаңында Абай Боранқұов қожалықтың бригадир-күрішшісі Сайлау Аманжолов, дәнекерлеуші Қабылан Бишеев және комбайншы Бекзат Ағисаевқа су жаңа автокөліктің кілтін табыстап, сый-құрмет көрсетті. Салтанатты шарада сөз алған Ақсу ауылдық округі әкімі Қанат Ниетқұлов барша еңбеккерлерді құттықтап, алдағы уақытта Абай басшылық жасап отырған фермер қожалығы осы қарқынынан танбаса, ақ күріштен тау тұрғызып, ауыл шаруашылығы бойынша үздік атанатынына сенім білдірді.

Автосалоннан шыққан су жаңа көліктерді тізгіндеген еңбек озаттарының жүзі қуаныштан бал-бұл жанады. “Біз жерге бердік, жер елге берді. Құдай Абайға берді, Абай бізге берді”, – дейді Сайлау ағамыз әзілдеп. Иә, ердің даңқы – еңбекте. Еңбек – бейбіт күндегі майдан. Кім қорықпай қимылдайды – сол жеңімпаз, батыр атанады.

“Айналайын, Абай, жас болсаң да, еңбектің үлгісін көрсеттің. Алдағы уақытта ақбостайлық еңбек майданындағы майталмандардың қатары көбейе береді. Біз соған сенеміз”. Бұл – бүгінгі шарага күә болған халықтың ризашылық сөзі.

Айта кеткен жөн, Абай қазір Қармақшы ауданы, “Іірөкөл” шаруашылығына да инвестор ретінде 150 млн теңге қаржы салып отыр. Сондай-ақ алдағы уақытта Ақсуға 100 орындық балабақша, балалар ойын алаңын, мешіт жанынан асхана құрылысын салуды және атшабарды (ипподром) күрделі жөндеуден өткізуді жоспарлап отыр. Сонымен бірге кент орталығынан Сәрке батыр ескерткішін орнату да жоспарында бар екен. Келешегін ойлаған жігіт өткенін де еске алып жүреді. Кәсіпкер азамат батыр бабамыздың рухын осылай биіктетіп, Сәркенің ерліктерін кейінгі ұрпаққа үлгі етпек. Қазірдің өзінде Ақсу ауылындағы көркемөнерпаздарға, жас спортшыларға ұдайы қаржылай демеушілік жасап келе жатқан Абайдың алдағы жоспарларын жүзеге асыратынына бек сенімдіміз. Өйткені талабы мен талпынысы, іскерлігі мен еңбексүйіштігі көпке үлгі болып, игілікті ісі елді сүйісінтіп отыр.

Мөлдір САБЫРЖАН

СЕТКЕ "ҰМТЫЛҒАН" СТУДЕНТТЕР

Айжан ӨТЕГЕНОВА

Арал теңізінің маңында орналасқан Қаратерең ауылының ел әзілдеп айтатын тағы бір атауы бар. Бәрі дамыған заманда байланыстың жоқтығын ескерген былайғы жұрт алыстағы қонысты "құс ұшпайтын ауыл" деп әжуа қылатын. Анығында телефонды желіге жалғай салу балық аулаудың бейнетін көрген тұрғындардың қолынан келетін дүние емес еді. Әйтпесе адамзатты алаңдатқан соғысқа вагон-вагон балық жіберген жұрттың не нәрсеге де күш-қуаты жететіні рас қой. Биыл білім саласы онлайн форматқа ауысқалы бері "құс ұшпайтын" сол ауылдың мұғалімі мен оқушысынан, қаладан ауылға амалсыз ағылған студентінен маза кетті. Бәрінің дегбірін құртқан бір ғана сөз "сеть тағы ұстамай тұр"...

Қаланың кез келген нүктесінде тұрып қиындықсыз қоңырау шалуға үйренген адам ауылға келгенде әр үйдің шатырына бекітілген белгісіз бір құрылғыны байқар еді... Даладағы ызғырық желмен қалбалақтай тербетілген оның атқарар қызметін алғашында ешкімнің түсінбейтіні де рас. Тек телефоны "тіл-құлақсыз" қалғанда ғана жан-жағына асып-сасып қарайды ғой... Сонда ғана баяғының теледидарға жалғанған антеннасындай "қол бұлғап" тұрған сеть тартқыштың ауыл тұрғындары үшін аса маңызды екенін іші сезе қояды. Оның өзі көп үйде кезікпейтін дүние екені, құрылғысы жоқтар көршісінен көмек сұрап байланысқа шығатыны қарапайым халық үшін үйреншікті жайға айналып кеткені қашан...

Былайғы жұртқа сол сеттің зардабы қатты әсер етпегенмен, оқушылар мен студенттердің сабақты онлайн оқимын деп көзі талған. Бірі үйге орнатылған ақылы Wi-Fi-ға қосылады, бірі сеть ұстайды-ау деген үмітпен терезенің жанында немесе даладағы төбешіктің үстінде сағаттап тұрады, келесі бірінің ауруханадағы немесе мектептегі құрылғыға жүгіріп бара жатқаны... Біздің бүгінгі кейіпкеріміз Айжанның да әр күні осылай көзге көрінбейтін, қолға ілінбейтін сетті "аңдумен" өтетінін сіз де сезіп отырған шығарсыз...

Мектепте жүргенде алдыңғы қатарлы оқушылардың сапынан көрінген Айжан ҰБТ-да өзі ойлаған нәтижеге жете алмаса да, қалауындағы мамандыққа оқуға түскен. Бүгінде Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде кәсіптік оқыту мамандығының 4 курс студенті. Биыл жас маман атанғалы отырған білімді бойжеткеннен онлайн сабақ пен құбылмалы сеттің жай-күйін сұрадық. Ауылдың ақ пейілді, мінезі ашық қызы ә дегеннен байланыстың әупірімдеп ыңғайға келетінін әңгімелей бастады.

− Негізі онлайн сабақ өту барысы "қызық" болды. Сабақтың бәрі Zoom платформасы арқылы өтеді. Кейде таңертеңгі уақыт Wi-Fi арқылы байланыс жақсы ұстайды. Содан қуана дайындалып, сабаққа қосылған бойда сеть "жоғалып" кетеді. Қалайда сабаққа қатысты деген тізімге ену керек, сол үшін Zoom-ға қосылған бойда "сабақта болды" деп растау үшін ноутбукты суретке түсіріп аламын. Үй жағдайында сабаққа қатысу мүмкін болмаған сәттерде өзім бітірген мектепке барып оқыдым. Осы орайда мектеп әкімшілігіне үлкен алғысымды жеткізгім келеді. Мектеп мұғалімдері студенттерге арнайы аудитория беріп, Wi-Fi желісіне қосып, көп көмек жасады. Соның арқасында мен бір семестрді ойдағыдай аяқтадым. Тапсырма орындауда еш қиындық болған жоқ, тек орындалған тапсырманы оқытушыға жіберу біз үшін үлкен мәселе еді.

Жалпы онлайн білім берудің артықшылығы жайлы ешнәрсе айта алмаймын, тек жүйені цифрландыру, заман ағымына қарай даму демесек, оқушы, студент, мұғалімдер үшін қазіргі сәт қиын болып тұр. Байланыс желісінің нашарлығы бір мәселе болса, жаңа платформада жұмыс істеудің машақаты қандай екенін өзіңіз де түсінетін боларсыз, − дейді Айжан желінің баяу жұмысына күйініп.

− Өз басым онлайн форматқа ауысқан сәтте шәкіртақыдан айырылып қала жаздадым. Себебі интернет желісіне уақытылы қосыла алмай, көп сабаққа қатыса алмадым. Сабақ барысын алыстан бақылап, тапсырма орындап қатарыңа ересің.

Онлайн оқу кезінде оқытушы алдында тақтамен тұрмайды, тақырыпты егжей-тегжейлі түсіндірмейді. Осы тарапта кейде түсінбеушілік болып тұрады. Биыл бізде соңғы курс болған соң мұғалімдер көп тапсырма беріп "қинамады". Алайда ауылда жүргенде жаңа тақырыпты түсінбей, сабаққа ілесе алмай қалған кездерім де болды. Қазір бастапқы курстағыдай сабаққа көп уақыт бөліп, мұқият дайындалам деп айта алмаймын. Таңертеңгі 9:00-ден түскі 14:00-ге дейін сабағымды мұқият қарап шығамын. Бұйырса іс-тәжірибеден өту барысында білікті маман ретінде шыңдаламын деп ойлаймын, − дейді Айжан Өтегенова.

Кейде ауылдағы тірлікті сырттай бақылап, асықпай ойлансаңыз, бір күн келесі тәулікте де айна-қатесіз қайталанып, бәрі бірсарынды өтіп жатқандай көрінеді. Үлкендер үшін бұл жағдай қалыпты көрінгенмен, жастардың ойын бөлерлік дүние болмаған соң жалығатыны да жасырын емес. Біздің кейіпкеріміз де осыны айтады.

− Шынымды айтсам, ауылдағы кейбір сәттер мені жалықтырып жібереді. Таңертеңнен түс ауғанша сабақта боламын, арасында онлайн марафондарға, курстарға да қатысып жүрдім. Сол үшін үй тірлігіне көп уақыт бөлемін деп айта алмаймын. Өзім пікірсайысшы болған соң бос уақытымда саяси ақпараттар оқимын, тіл жаттықтырып, нақты сөйлеуге өз-өзіммен жұмыс жасаймын. Соның арқасында ауызша сабақ айтудан еш қиналған емеспін, − дейді жан-жақты студент.

Пандемия кезіндегі жағдайды ескерсек, шалғай ауылда жүріп білім алудың өзі үлкен тәжірибе екені сөзсіз. Осы орайда Айжаннан алдағы жоспарлары туралы да сұрадық.

− Қазіргі уақыт − білімділер заманы. Көп білуге ұмтылған сайын көш бастауға қабілетті боласың. Дәл осы сәтте болып жатқан барлық жаңалықтан хабардар болып, соған сай шешім қабылдап, бағытымызды өзгертіп, тез шешім қабылдай алсақ, сынақ емес, үлкен тәжірибе болар еді. Өзім университетке алғаш барған сәттен пікірсайыс алаңында жүрдім. Көп ізденуге, мүмкіндігінше жаңалықтан хабардар болуға тырыстым. Себебі білім бәсекесі – үздіксіз жарыс. Әрбір сәт бізге берілген мүмкіндік. Бұйырса алда үлкен қадам тұр, пандемиядан кейінгі уақытқа жас маман, жаңа Айжан ретінде есік ашамын. Болашақта тіл маманы болу үшін екінші жоғары білімді жалғастырғым келеді, − дейді ол.

P.S. *Әдетте ауылдағы жақыныма хабарласа қалсам, байланыс бірде ұстап, бірде үзіліп, соңында айтар сөзімді ұмытып кетуші едім. Жақында Қаратереңге де желі тартылды деген сүйінші хабар жетті. Бұрынғыдай емес, телефонмен сағаттап тілдесуге мүмкіндік бар, бірақ әлі күнге студенттер интернетке ұмтылған құрылғының бабын таппай әлек...*

Гүлдана ЖҰМАДИНОВА

ОҚУШЫЛАР АРАЛАС ФОРМАТТА БІЛІМ АЛАДЫ

Жаңа оқу жылында да оқушылар мектептен білім алуға асықты. Бірақ сақтық шараларын ескерген билік тек 1 сынып оқушыларын ғана мектепте оқытуды ұйғарды. Енді бұл талаптарға өзгеріс еніп, ведомствоаралық комиссияның шешімі бойынша III тоқсаннан бастап 9 және 11 (12) сынып оқушылары аралас форматта білім алады. Енді бұл сыныптарда математика, қазақ тілі, орыс тілі, шет тілі, физика, химия, биология, алгебра, геометрия, тарих сынды күрделі пәндер мектепте оқытылады. Осы мақсатта мектептерде икемді сабақ кестесі жасалып, әр сыныпта үзіліс түрлі уақытта ұйымдастырылып, әлеуметтік қашықтықты сақтау үшін ауысымдар саны көбейтіліп, пәндердің 30%-ы қашықтан оқытылады. Олар информатика, өзін-өзі тану, дене шынықтыру, құқық негізі, алғашқы әскери дайындық пәндері.

– Мемлекет Басшысының тапсырмасына сәйкес дәстүрлі оқу форматына кезең-кезеңімен көшу жұмыстары жүргізілуде. I оқу тоқсанында 37436 бала (22,6 пайыз), II оқу тоқсанда 53568 бала (31,5 пайыз), үшінші оқу тоқсанда 71589 бала (42 пайыз) бала мектепте оқыды. Министрлік бекіткен алгоритмге сәйкес III оқу тоқсанында балаларды оқыту форматы белгіленді. 1-5 сыныптар үшін кезекші топтар жұмыс істейді. Ал бала саны 300-ден аспайтын мектептерде оқу дәстүрлі форматта ұйымдастырылады. Жалпы алғанда, үшінші оқу тоқсанда 120 мектепте 19 170 оқушы (11%) дәстүрлі форматта білім алса, 180 мектепте 98 445 оқушы (58%) қашықтан оқытылады. Сонымен бірге ата-аналардың өтінішіне сәйкес 1-5 сынып 2296 кезекші топта – 34398 оқушы (21%), 9, 11 сыныптағы 18 021 (10%) оқушы дәстүрлі білім алады. Үшінші оқу тоқсанында дәстүрлі оқитын оқушы екінші оқу тоқсанымен салыстырғанда саны 18 021 оқушыға көбейді, яғни 10 пайызға артады, – дейді облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова.

Министрліктің аралас форматта оқуға шешім қабылдауына ата-аналардың уәжі түрткі болған. Сонымен қатар мектеп бітіруші түлектердің оқу жылының соңында қорытынды аттестаттау, кешенді емтихандар мен жоғары оқу орынына түсу үшін ҰБТ тапсыратыны ескерілген. Бүгінде 9 сыныпта 13252 оқушы білім алады. Ал 11 сыныпта 7004 оқушы оқиды. Бұл сыныптарда балалар негізгі пәндерді, яғни қорытынды емтихан мен ұлттық бірыңғай тестілеу кезіндегі міндетті пәндер бойынша білім алады. Осы орайда мектептерде санитарлық шараларды сақталуы басты назарда. COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында облыс бойынша шектеу және карантиндік шаралар туралы жаңа Қаулы қабылданды.

2020-2021 оқу жылының үшінші тоқсанынан бастап:

– контингенті 300 оқушыға дейін қалалық және ауылдық мектептерде сыныптардағы балалар саны 15 адамға дейін болса, дәстүрлі форматта оқуға рұқсат беріледі;

– сыныптарды 15 баладан асырмай, ата-аналардың өтініші бойынша жалпы білім беретін мектептерде 1-ден 5 сыныпқа дейін қоса алғанда, халықаралық мектептерде 7 сыныпқа дейін қоса алғанда кезекші сыныптарда оқытуға рұқсат беріледі;

– оқу бітіретін сыныптар (9, 11 (12) сыныптар) үшін аптаның 6 күні ішінде аралас оқытуға: пәндердің 70%-ын штаттық режимде, 30%-ын қашықтан оқытуға рұқсат;

– білім беру мекемесі әкімшілігінің шешімі бойынша сабақтан тыс уақытта 5 адамнан аспайтын топтарда оқушыларды жеке оқытуға болады;

2) екінші семестрден бастап колледждер мен жоғары оқу орындарының I курс студенттері үшін штаттық оқытуға рұқсат беріледі.

А.ҚАРЖАУБАЙҚЫЗЫ

2021 жыл ұстаздар қауымы үшін жақсы жаңалықпен басталды. «Педагог мәртебесі» туралы заңға сәйкес ұстаздардың кәсіби құқығы қорғалып, жалақасы 25%-ға артса, шеберлігі үшін жалақыға 30 бен 50 пайыз аралығында қосымша ақы төленеді. Облыста білім беретін 22 мыңға жуық мұғалімнің 55 пайызы қосымша үстемақы алады. Сондай-ақ мектептерде тәлімгерлік, магистрлік дәрежесіне қосымша төленсе, сынып жетекшілігі мен дәптер тексеру үшін төлемдер екі есеге көтерілді. Бұдан бөлек, биыл қаңтар айынан бастап Қазақстандағы білім беру ұйымдарының барлығы "Цифрлы бухгалтерия мен қаржы" жүйесіне көшеді. Енгізілген жаңа жүйенің тиімділігін сараласақ.

БҰЛТТЫ БУХГАЛТЕРИЯ



Білім және ғылым министрлігінің жаңа жүйені енгізудегі мақсаты – көпшілік үшін білім саласындағы қаржыландырудың ашықтығын және тиімділігін бақылауды қамтамасыз ету. Бухгалтерияны, кадрларды, есепке алу мен бюджетті жоспарлауды автоматтандыру сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және қаржыны тиімді пайдалануды арттыруға жағдай жасайды. Білім саласында жұмсалған әр тиынға қатысты ақпарат министрлікпен басқа құзырлы мемлекеттік органдар, және азаматтық қоғам өкілдеріне қолжетімді болады. Бастапқыда жоба пилоттық режимде 530 білім беру ұйымында іске қосылған. Атап айтар болсақ, Нұр-Сұлтан қаласы мен Павлодар облысындағы білім беру ұйымдарында пилоттық жоба ретінде апробациядан өтті. Білім басқармасының басшылары мен мектеп директорлары аталған жобаға оң баға берген. Жүргізілген пилоттық жобаның нәтижесінде тек елордада бюджет қаражатынан бірнеше миллиард теңге үнемделіп, білім беру ұйымдарының қаржылық қызметі реттелген. Бухгалтерлік және салық есебін алу барысында бұзушылықтар саны едәуір қысқарып, шығын азайған.

– Білім беру саласын қаржыландыру жылдан жылға артып келеді. Әрине, оның қаншалықты жеткілікті немесе жеткіліксіз екені туралы көп айтуға болады. Алайда сол бөлінген қаражатты тиімді пайдалану маңызды. Тағы бір мәселеге тоқталайын. Көпшілік мектептерді, балабақшалар мен колледждерді Білім және ғылым министрлігі республикалық бюджет есебінен қаржыландырады деп есептейді. Одан бөлек жалақының уақытылы және дұрыс есептелуі, оқулықтарды сатып алу немесе білім беру ұйымдарындағы жөндеу жұмыстарын да министрліктің өзі тікелей жүргізеді деп ойлайды. Бірақ іс жүзінде олай емес. Заңға сәйкес бұл жұмыс әкімдіктің құзырында. Елімізде білім беруді басқару органдарының саны 200-ден асады, яғни, қаржыландыру да сол қала, аудан мен облыс бюджетінен өтеді. Әкімшілендіру деңгейі әртүрлі әрі көп болған соң, оларды қадағалап отыру өте қиын, – деді Білім және ғылым министрі Асхат Аймағанбетов.

Жаңа жүйе қолданысқа енсе, бухгалтериямен қоса бюджетті жоспарлау, мемлекеттік сатып алу, тарификациялау, жұмысқа алу процестері де автоматтандырылады. Бұл – білім саласына бағытталған қаржыны ашық әрі тиімді пайдалануды қоғам болып қадағалауға болады дегенді білдіреді. Бірақ экономист сарапшы маманның пікіріне сүйенсек, жаңа жүйе қолданысқа енсе, бухгалтердің 40 пайызы жұмыссыз қалуы мүмкін.

– Цифрлы бухгалтерия – білім саласындағы қаржы айналымын ашықтыққа бағыттау мақсатында жасалған қадам. Бұл бастамаға экономист маман ретінде оң баға беремін. Осы уақытқа дейін білім саласына бөлінген қаржының қалай игеріліп жатқаны түсініксіз болатын. Кей аймақтарда директоры мен бухгалтері бірігіп, қомақты қаржы жымқырғанын да естіп, етіміз үйреніп кетті. Жүйе қолданысқа енсе, осындай олқылықтың орнын жояды. Білім саласындағы көлеңкедегі қаржы да ашық бақыланады. Бірақ бұл жерде екінші мәселе бар. Келешекте бухгалтерлердің 40 пайызы жұмыссыз қалу қаупі басым. Дегенмен министрлік үшін жүйенің жұмыссыздықтан бұрын тиімді тұсы көп. Әр мектеп жеке бухгалтер жалдамай, цифрлі жүйеде жүргізілсе, біршама қаржы үнемделеді. Одан бөлек, мемлекеттік сатып алу жүйесі де біршама реттеледі. Яғни сапасыз тауардан құтылуға мүмкіндік береді, – дейді экономист Мақсат Халық.

Білім беру саласы мемлекет тарапынан ең көп қаржыландырылатын салалардың бірі екені белгілі. Аталған жоба жалақыны дұрыс есептемеу, қаржылық бұзушылықтар, жоспарлау, қаржыландыру кезіндегі проблемаларды шешуге және білім беру мекемелерінің қаржылық жағдайына жедел мониторинг жүргізуге жақсы мүмкіндік береді дейді мамандар. Қарапайым тілмен айтқанда, «Бұлтты бухгалтерия» жүйесі жемқорлықтың алдын алып, мұғалімдердің жалақысына және мекемелерге сатып алынатын тауарға қатысты түрлі даулы мәселеге де нүкте қояды деп сенейік.

Айгүл ӘЛІШЕРОВА

АЛЬБОМНАН ШЫҚҚАН ХИКАЯ

Ержан ҚОЖАС

Алтекеңнің бір класта оқитын орташы қызы менімен көрші. Көзі сәл қысыңқылау, мұрын үстіне сәл шашырай орналасқан майда ноқаты бар осы сары қыздың маған ұнамайтын жағы бар. Онысы тым еркешоралау. Аяқ-табағы аралас үй болған соң ба, мен оның әр қимылын жатқа білем. Жоғары сыныпқа жақындап қалсақ та, әлі де бізбен доп тебуге құмар. Одан қалса, қорада ер бала секілді мал жайлап, кейде, атқа мініп, бұзау-баспақ қайырып жүргенін көресің. Ол ол ма, жаздыгүні әкесіне еріп, қос атпен шөпке барар еді. Қайтар жолда әкесімен шымдай байлап, боз атқа тендей артылған екі бау көк пішенді сүйреткен күйі, тайпалта басып келе жатқан көрші қызға біздің үйдегілер түгілі, көрші-көпемнің бәрі сүйсінетін. Тіпті, Үлекеңнің «осы қыз мектеп бітірісімен келіп қып түсіріп алармын» дегені бар. Шырт ете қалғам. Расымен, сары қызды суқаным суймеген. Көрші әрі класта сым болса да.

Сейткен сары қыз соңғы сабақ бітісімен қасыма келді де, қалың дәптерді ұсына берген. Өзі жымияды.

– Бұл не?! Қатқылдау үнмен сұрадым.

– Естелік альбом ғой. Толтырып, ертең қайтып әкелерсің.

– Ее, – дедім самарқау кейіппен. – Кейіннен толтырсам қайтеді?!

– Жоқ, ұлдардан өзің қалдың. Қыздардың да біразы толтырған. Солай деді де, иығына түскен фартүгін жөнделген күйі кластан асыға шыға жөнелді.

Кейбіреу секілді альбом толтыруға өбім жоқ еді. Амалсыз қалың дәптерді сөмкеге ықылассыздау сала салдым.

Кеште ертеңгі сабаққа дайындыққа отырдым. Отырдым дегенім былайғы әңгіме. Өуелі ертең болатын пәндердің кітап-дәптерін түгендеп алдым. Одан соң ең қатал мұғалімнің сабағын қарап шықтым. Физика еді. Есебі де, басқасы да миға кірмеді. Келесі әдебиет. Бұл оңай шағылады. Тарих та солай. Нағашы жеңгенің сабағын оқымаса да болады. Бұл екеуінен де өзіме сенімді едім.

Төртінші сабақ – информатика. Сынып жетекшімнің сабағы. Мектепке компьютер енді келіп жатыр ғой. Бірдеңе етіп өткіземін. Соңғы сабақ дене шынықтыру екен. Мектеп үйге жақын еді. Қоңырау арасында форма ауыстырып келсем бе екен, әә?! Әлде шалбардың ішінен жұқа триконы бұрынғыдай кие саламын да. Бәрібір далада футбол ойнаймыз. Солай бара саламын. Осылай 15 минут ішінде ертеңгі сабаққа дайын болып шықтым. Іштей риза кейіппен аспалы сөмкеге кітаптарды атып ұра бастадым. Күнделікті апарып, әкейге қол қойдырғым келіп тұрды-дағы, оның қолын өзім сүйкете салармын деп кітаптармен бірге тыға салдым. Бәрібір, оның ішінде қазақ тілі мен әдебиеті, сосын тарихтан ғана бестік бағалар тұр. «Өй, өзің осылардан басқа пәннен баға алмайсың ба, немене?» деген қай күнгі қатқыл сөзі әлі есімде. Мұндайда тыныштық керек қой. Осы кезде палас үстінде бүгін өткен пән кітаптарын жиыстырып жатып, көрші қыз берген альбом көзге түскені. Қап-ай, мен мұны ұмытып кетіппін. Етпеттен жатып, әдеби кітап оқимын ба деп ем, бұны да толтырып беру керек екен ғой. Толтырмаса, ұят секілді. Оқулық, дәптер-қағаздарды жиыстыра сала, көрші қыз берген альбомды парақтай бастадым. Әуелі, кластағы басқа ұл-қыздың қалай толтырғанын көріп алу керек. Содан соң солар сияқты жазып, бірдеңелер сүйкерміз бұл қыздың альбом дәптеріне.

Охо, шынымен, қызықтың бәрі осында екен ғой. Жайлап, көз жүгірте, тамашалай бастадым. Кейде арғы бөлмедегі үйдегілер естімесін дегендей, әлсіз дыбыспен шиқылдап күліп қоямын.

...Көрші қыз берген альбомды ұстап отырмын. Басты бетті ашсаңыз, кереметтей өлең күтіп алар еді сізді.

Көрші қыз былай депті:

Ал, достарым, достарым,
Мен альбомды бастадым.
Естелік, сурет қалсын деп,
Алдарыңа тастадым...

Алдыңа келген осындай дәптерді қалай толтырмасқа енді? Одан соң достық пен «любөп» тақырыбында ұлы сөздер орын алған. Онысына пәлендей түсінбесем де іштей «ммм» дестік. Дәптер жиегі әдемі қызыл-көк, тағы басқа түсті бояулармен көркемделген.

Келесі бетке өттім. Мұнда анкеталық сұрақтар.

1. Ф.И.О. Осыған әуелде түсінбей ұзақ отырғаным бар. Сөйтсем өзге кластастарым бұл сұрақтың жауабына аты-жөндерін жазыпты. Ит жыным ұстап берсін. Пәлен жыл көрші отырып, менің аты-жөнімді сұрағаны қай сасқаны, бұл сары қыздың?! Әлде, кейін ұмытып қала ма екен?! Қой, айналдырған 25 оқушымыз. Ондай бола қоймас. Аптығымды басып, келесі сұраққа өттім.

2. Мекен-жайың, үй телефоның? Құдай-ау, мынаған бірдеңе жетіспейді екен-ау. Рас айтам. Айналдырған 150 үйдің орны ауысып кететіндей көрінгені ме? Үй телефоны бұл ауылда бұрыннан жоқ емес пе еді. Жауаптың орнынан «Құдайы көршің емес пе едім» деп қыршаңқы жауапты сүйкей салдым.

3. Туған күнің, айы, жылың? Туған күнімді қайтпек?! Жарайды, 26 ағус. 1988.

4. Сүйікті досың? Үйдегі Кискалокты (күшік қой) жазғым келіп тұрды да, қоя салдым. Сыныптағы барлық ұлдар деген сыйпайы жауап кетті бұл жолы.

5. Сүйікті пәнің? Ее, тарих пен әдебиет қой.

6. Сүйікті мұғалімің? Дәл осы уақытта ешқандай мұғалімді сүйіп тұрғаным жоқ еді. Не жазсам екен? Тәрбие зауыты Бейбіттің қолына бұл альбом абайсызда түссе. Ау, бәрін ақтармай ма, бұл жүгірмектердің мұғалімі кім екен деп. Дұрысы, Бейбіт апай. Кластағы парталасым Лаураның мамасының атын әдемілеп жазуға тырыстым. Өзімді үлкен қауіптен арашалағандаймын.

7. Сүйікті әншің? Әлгі шетел музыкаларынан хабарым барын көрсетпек болғанмын. Болмады. Күнде тыңдап жүрген Досымжан Танатаровтың "Құралайы" дей салдым. Пәлі, ертең осы «Құралаймен» көне ауылдағы Жәкеңнің қызы, кластас Жұқашова Құралайға қосып қоймас па екен мені?! Жазарымды жазып алып, осындай күдік келгені рас енді.

8.Сүйікті киноң? Өй, Есуп қой. Мероғлы ше? Асау жүрек! Ертең ең күшті жеріне келіп еді. Қалып қоймау керек. Оңбаған көк қошқар үйге келмей, сонау көне ауылдың шетінен әкелем деп, бүгінгі сериалынан қағылғаным бар. Көксоққан қошқардың «жігітшілігі» көктем басталысымен... Желкілдеп, көрінген үйдің тоқтысымен «қол ұстасып» жүргені. Жетектесіп кеткен қойдың иесі де көк қошқардың өз үйінде қалғанын тілейді. Оған біздің әкейдің жауабы біреу-ақ. «Жаман үйреніп кетеді, үйге әкел қама!» Ее, көк қошқардың жаман жолға түскені қашааан. Кешірім өтінемін, қайдағы қошқар, альбомға оралайық.

9. Болашақта кім болғың келеді? Сәл пәлсапа соғып, «Қараңғы қазақ көгіне, Әрмелел шығып күн болам» дегім келген. Оным жарамас дедім де, ЖУРНАЛИСТ деп жуан әріптерді батыттым.

10. Хоббиың не? Кітап оқу. Ең әдіп де шынышыл жауап осы болды, меніңше.

11. Жігітің (қызың) барма? Мәә, сәлееем айт. Сенен берірке тұратын Нұрлыбайдың қызы Шолпанмен туғалы жүріп келем десем бе екен, әә?! Жоқ. Мынау дымсыз жүрмеді демесің. Жүрт секілді менде «ол құпия» деп құтыла салайын. Солай жаздым да.

12. Маған қояр сұрағың бар ма? Дым. Расымен жоқ еді сұрақ. Бірақ сұрақ қоймасам, мүлде топас көрінетін де секілдісің. Атқа мінуді қайдан үйрендің десем бе екен? Мезгіліне пішенге барғанда қанша бау тастап жүрсің деген күйтұрқы сауал ше?! Ары-бериден соң «өз арманың не еді, қалқаммен» аяқталды анкетам.

Басқа кластастар бұған негізі кәдімгідей салмақты ой тастап, дұрыс жауап берген. Өлендерін айтсаңшы. «Есік алды шоғайна, Шоғайна теру оңай ма?! Көстем-шалбар болмаса, Қызға бару оңай ма?!» дейді. О, тоба! Мынау тіптен қызық. «Есік алды қарағай, Жүгіріп өттің қарамай, Пәленше, саған, не болды? Привет деуге жарамай?!» Ойбой-ау, Жаңақұрылыста адасып жүрген қандай қарағай?!

Айтпақшы, бір құпия ашайын ба? Мына анкетадағы 11-ші сұраққа біздің қыздар да, ұлдар да (любов жайлы ше) қате жауап берген. Біреуі «құпия ғой» десе, біреуі, тіпті, «оны танымайсың» депті. Енді бірі сызылып, «өзің оны жақсы білесің» деп майысқанын-ай. Мен білетін бір-екі қыз «жігітпен шауым жоқ», «болашақ көрсетеді», «сабақ оқуым керек» деген сарында жауап жазыпты. Қайдағы. Шылғи өтірік. Күні кеше ғана бұлтып мектеп бітірген жігіттерге соларды мен шығарып беріп ем ғой.

Көршi қыздың альбомында әр дос немесе кластасына екі бет қана орын бар. Екінші бетке нағашы қарындасым, өзіммен тете Өйгерімнен аттай қалап, дұрысы, жалынып-жалпайып жатып, индийский суретті сұрап алдым. Тіпті, ертеңгі автобусқа он бес теңге беріп, әлгі Шакрух Ханның дәл сол фотосын алдыртып, бүгінгі алған сурет орнына бермекпін. Әлгі Индияның Шахругін альбом бетіне қиғаштай жапсырып, жан-жағына «Ержаннан естелік Сәнияға» деген жазу да салтанатты түрде айшықталып жазылды. «Ұмытылмас үшін» деп те қосып қойдым. Оны қоспасам, көршім ертең-арғы күні мені ұмытып, есінен танардай күй кешкенім-ай. Сурет жапсырылған парақтың ең астына Мұқағалидың «О, махаббат, сен әлі тірі ме едің?!» дейтін шумағын тіркей салғаным, альбомның өзіме тиесілі бетінің әжарын аша түскендей еді.

P.S. Шыны керек, ержете келе, мектеп бітірер шақтағы болмысымыз таза еді ғой. Сол кезді барлығы да сағынады, құрметті оқырманым! Расын айтсам, дәл қазір мені оқып отырған кластас достарым бір күліп, бір жылап отырғаны анық еді. Кері оралмайтын керемет шақты мен де қатты сағынып-пын, құрметтілерім!!!

ЖЕНТІЛМЕН МЕН ЖІГІТШІЛІК

Көк базарға барып, ішінде жуасы көптеу салынған, бір-екі түйір қарашығы (ет шығар сол) бар мантыға сылқия тойған соң, қасымдағы курстас Сәбит екеуміз екі жаққа кеттік. Есімде әлі, сол 2005-2010 жылдары Тараздағы «Зеленый» деп аталатын алып базардың үш теңгелік мантысы ауылдан келген біз секілділерге едәуір тамақ болды. Қу карынды осылай жұбата салып, Т.Рысқұлов паркінде «бақытты болашақ» жайлы қиялға бататын кез. Студенттік билетті айқара ашып көрсетіп, қалтаңның түбін қармалап, он теңгеңді кондукторға қимастықпен беретін шақ еді ғой бұл. Бес мың теңгең болса сол базардағы қырғыздар тұрған қатардан бастан-аяқ киінгеніңді қалай ұмытасың,

Міне, 17-ші маршрут та келе қалды. Қарғып мініп, бос орынға жалп ете қалдым. Қолымдағы 90 беттік лекция жазылған қалың дәптерді (бір пән емес, бірнеше пәнге арналған, әмбебап құжат) алақанымa ұрғылап отырмын. Мұрныма жұмсақ өтір иісі келе бастады. Алдымнан я артымнан емес, дәл жанымнан бұрқырауын қарашы. Тура қарау әдепсіздік болар, көз қиығымды жаймен ғана лақтырғаным рас. Міне, ғажап! Асығыстықта қалай байқамағанмын, тұп-тура сұлу қыздың жанына жайғасыппын. Үшінші курсты аяқтауға әзір тұрған менің мұндайда қызбен танысу сәтін мүлт жібермейтінім өзгеге де, өзіме де белгілі еді. Ол қалай болады?! Шешімді іштей қабылдап та қойдым. Тіпті, іс-әрекетімнің алғашқы «піссімілләсі» басталды. Әуелі көк жексиімнің қалтасынан тұтас 50 теңгені кондукторға ұсынып, өзімше мәрттік дауыспен:

– Жанымдағы қарындасқа да ала салыңыз, – деп бергенмін. Қасымдағы қыз түріме де қарамастан кондукторға:

– Рақмет. Мен өзім төлеймін, – деді сабырлы дауыспен.

– Сдачасын қайтарыңыз.

Бір қызығы, екеуміз бір аялдамадан түстік. Түскен бойда бұрылған күйі бетіме жымия қарап тұрды да:

– Екеуміз де студентпіз. Екеуміздің де үйдегілер ақша салып жүр. Сол кісілердің тапқанымен өмір сүріп жатырмыз ғой. Ал ақшаны өзің тапқан кезде таксимен алып жүрсең де қарсы емеспін...

Солай деді де, қайта бұрылып кете барды. Аузыма құм құйылғандай, құрғақ тамағымды жұтынған күйі қала бердім.

Қазақылықтан таймаған сол қаракөзді қайта кездестірмедім де.

СЫПЫРҒЫШПЕН ҮШҚАН БА?!

Кластасым екеуміз қызға барып тұрмыз. Менен аулақ, досым сол қызбен сөйлесіп жүрген ғой. Мақтап-мақтап, көркін келістірген соң көрмекке бел будық. Қарын ашып, қабағым келіспей тұрған, қоймаған соң бірге баруға көндім.

Енді міне, қыздың үй жағына келіп тұрмыз. Кластасым қоңыраулатып жатыр.

– Алло, – десті ар жақтан сыңғырлаған сондай бір сұлу дауыс. Машина ішінде маужыраңқырап отыр едім. Мына дауыс әп-сәтте серпітіп жіберді.

– Пәленшежан, біз келіп тұр едік қой, – деді біздің дос та.

– Аха, кә, – деді ар жақтағы қыз. «Кә» дегені қазір деп айтқаны болар деп топшылап қоямын менде. Ал досым мәз. Көзіне қарасам, қазір үйленіп алардай қуанышты күйде.

Міне, айтып ауыз жиғанша болмады, шынымды айтайын, екі-үш минут болмай көліктің артқы есігін ашып, күткен қыз да ендеп кіре берген. Қарап отырмайтын қасқа басым «ойбай, сыпырғышпен үшып келдіңіз бе?» деппін. Кластасым осы кезде қара саннан дүңк еткізе ұрып, ескерту жасап үлгерді. Қайдан білсін, менің «қыз біткен құрығанда жарты сағат кешігеді» деген пәлсапамен өмір суретінімді. Бағыңдан келе жатқан бұлжымас қағиданы нәзік дауысты, бірақ менен сәл жіңішкелеу бойжеткен осылай бұзды.

Енді жүрміз сол қала ішінде. Қалың макияж арасына жасырынған қызды тиеп алып. Кластас шіркін «Западтың тұсынан өтсе, түсіп қалсам деген ішкі есебім де жоқ емес. Бәрібір, анауың (қызды айтам) мені жақтырып отырғаны шамалы...

БИГБАБЛ

Ілгеріде сондай сағыз болды. Қазір көрінбейді. Жарықтық өзі де көлемдірек еді. Ауыз толатын. Шайнағанда жақ шіркін әдепкі қарқынынан бірден айырылып, қозғалысы қиындайды. Сиырдай күйсеп отыруға үлкен хәл керек бұған. Ондайда не істейсің?! Амал жоқ, ауыздан қимай шығарып, құлақ сыртына жапсыра қоясың. Жағым сәл демалсын деген ниет қой. Кейде алып шайнайсың, кейде ұмытасың. Ұмытпайсың ғой, қара басып ұйықтап қаласың. Құдай қос қолдап ұрды дей бер мұндайда. Өйткені ұйқысырап жатып, бір аунағаныңда құлақтан әлдеқашан сусып түскен сағызың самай тұсыңа езіле жабысар еді.

Нағыз ақырет сонда басталады. Таза шүберекті керосин (солярка не жермай дейді біздің елде) толы ыдысқа батырып, самай тұсыңды амалсыз үйкей берер ең...

ҚАЙРАН, БИГБАБЛ! Бала кезде бар тиыным саған ғана жетсе, сен ыстық болмай қайтесің...

ӨЗГЕРІП КЕЛЕДІ...

Құрдасым Айболаттың қос қызы мен жасы үшке жақындаған ұлының «әке», «әке» деген былдырынан кейін басталған пост еді ғой бұл. Біздің қатарлар «папа» мен «маманы» айтып өсті. Әке деп еркелап, анашым деп мойнына асылғанын, солай атағанын мүлде кездестірмедім десем де болады. Шыны керек, өз басым осы атауларды тек газеттен не көркем әдебиеттен ғана оқитынмын. Көбінде солай болды да. Есесіне, есейген шақта шешесін «махан», әкесін «пахан» дейтін бос кеуделер көбейді. Сөзім ауыр болса, кіжінбес бұрын мынаған көңіл аударсақ деймін.

Біріншіден, бүгінгі сәбилерге қазақтың өз жақындық атауларын айтуда отбасыдағы жаңа үрдістің себепші болуы. «Папа» мен «маманы» жат жұрттың тілі деп ұққан жас отбасы жарық дүниеге келген көз қуаныштарын осылай төл сөзімізбен тәрбиелей бастапты. Бұған қуанбасақ, ренжудің түк қажеті жоқ. Сондай-ақ тілін әке, ана деп ашқан (папа, мама деп емес) баланың әрі қарай дамуына кейбір қазақы мультфильмдердің де әсері мол.

Екіншіден, бұл екеуі де (мама, папа) орыстан емес, барлық тілде кездеседі. Сөздікті ақтарсаңыз, грек, латыннан аударсаңыз, папа – діни лауазымның ең көрнектісі. Ал мама – бала емізетін әйел. Жалпылама мағынасы солай.

Үшіншіден, «мама» сөзінен тым қатты шошынудың қажеті жоқ. Түркі тілдес, әсіресе, қазақта, мама сиыр, мама бие сөзін сізде естігенсіз. Егер көркем әдебиетті көп парақтасаңыз.

Анықтама ретінде айтсақ, мама бие – ең көп құлындаған бие. Сиыр да солай. Көне сақ дәуірінде қолданылған «мама» сөзі желін деген мағынаға саяды.

Айтпақшы, көп құлындаған биені «қасаба» деп те атапты. Қасабалы бәйбіше. Осындай да сөз тіркесін әдебиетте кездестіресіз. Көп балалы шешелерді бұрынғы қазағың осылай да атаған ғой.

Мама ағаш дейді. Әлгі биелерді сауылар кезде байланар ағашты осылай атаған деп беріпті сөздікте. Тіпті жуз жасаған көрі талды «мама ағаш» деп те көрсеткен.

Бір сөздің бастауы біраз жерде жатыр. Тым алыста. Оқып, ақтарсаңыз, жетіп жатыр.

Соңы. Басы 1 бетте

ЖАСТАР МӘСЕЛЕСІ – ПАРТИЯЛАР НАЗАРЫНДА

ADAL

Бүгінде белсенділігімен көзге түскен «Адал» партиясы ең жас партия қатарында. Партияның бұрынғы атауы "Бірлік" еді. Атауы өзгерген партияның мақсаты өзгермеген. Күн санап партия қатары артуда.

Жандос ОРАЗМАХАНОВ, Қызылорда облысының мәслихаты депутаттығына "Adal" партиясынан үміткер

– Биылғы сайлау науқанына түскелі тұрған 5 партияның орташа жас мөлшері 42,5 жас аралығында. Оның ішінде ең жасы – "Адал партиясы". Ал осындай жас партияның ел тұрғындарына қандай мүмкіндік жасап отырғанын www.adalpartiyasy.kz ақпараттық-аналитикалық платформасынан табуға болады. «Адал» саяси партиясының бағдарламасында жастарға аса мән берілген. Студенттердің шәкіртақысын ең төменгі күн көріс деңгейіне – 60 000 теңгеге дейін өсіру көзделген. Сондай-ақ оқытудың заманауи әдісін игерген жас педагогтарды дайындау сапасын арттыру үшін Назарбаев университеті үлгісінде мұғалімдерді үш тілде заманауи формацияда дайындайтын төрт жоғарғы оқу орнын Нұр-Сұлтан, Алматы, Орал, Шымкент қаласында құру, мектептегі оқыту қолданбалы болып, балалардың тума талантын дамытуға бағытталу керек. Ерте кәсіптік диагностикалау және кәсіптік бағдардың бірыңғай жүйесін енгізу керек. Мемлекеттік тапсырысты ауылдық квотаны сақтай отырып, жұмыс берушілер арасында қажеттіліктер, өңірлік мамандандыру және перспективалық жоғаларды бағалау негізінде бөлу, колледждер мен жоғары оқу орындары түлектерін жұмыспен қамту 70%-дан төмен болмауы тиіс. Жаппай кәсіпкерлікті қолдау, оқыту инфрақұрылымы мен жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды микроқаржыландыруды ары қарай дамыту, оқыту, қаржыландыру, үлгілік бизнес-жоспарлар, бухгалтерлік, салық есептілігін өткізу және сүйемелдеуді (бизнес шығындарын қысқарту) қамтитын қолдаудың кешенді пакетін енгізу. Мемлекеттің бақылаусыз қатысу ықтималдығымен МҚҰ желілерін дамыту арқылы өзін-өзі жұмыспен қамтыған, бизнес бастамасы бар жұмыссыздарды жылдық 6%-бен микронесиелеудің қолжетімділігін арттыру көзделген, – дейді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті "Рекрутинг" орталығының басшысы, Қызылорда облысының мәслихаты депутаттығына үміткер Жандос Оразмаханов.

Nur Otan

Бұл тарихи аламанға ұзақ дайындықпен келген «Nur Otan» партиясының облыстық филиалының құрамында 44 137 партия мүшесі бар. Олардың 5105-і 18-29 жас болса, 29-40 жас аралығындағы 12 760 мүше бар.

Ләйлә ТӨРЕШОВА, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары

– 35 жасқа дейін 61 азамат яғни, 21 пайыз жастар праймеризге қатысып, «Nur Otan» партиясы атынан жергілікті мәслихатқа депутаттыққа үміткер ретінде партиялық тізімге енді. Жастар – ел болашағы. Жаңа ұрпақ мемлекетіміздің стратегиялық бағытының қозғаушы күші болуы тиіс. Ол үшін «Nur Otan» партиясы келесі шаралардың іске асуына жағдай жасауды қолға алады. Мәселен, «Жасыл ел» еңбек жасағын ұйымдастыру арқылы жыл сайын кемінде 7 000 жас, оның ішінде 1 000 адамды – жазғы кезеңге жұмысқа орналастыру; «Жас кәсіпкер» және «Бастау бизнес» жобасы бойынша 3 000 жасты жыл сайын кәсіпкерлік бағытында оқыту, әр жыл сайын кемінде 3 000 адамды қамти отырып, мүдделі мәселе бойынша ақпараттық консультация ұйымдастыру, аз қамтылған отбасылардан шыққан 3,5 мың студентке қоғамдық көліктерде жол жүруге жыл сайын әлеуметтік көмек бөлу, 5 мемлекеттік колледж студенттерін жатақханалармен қамтамасыз ету. Жастар саясаты саласында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде іс-шаралар өткізуге, волонтерлік қызметке кемінде 8 мың еріктіні тарту, оларға әдістемелік көмек көрсету және оларды түрлі бағыттағы іс-шарға тарту. Ал жас мамандардың тұрақты жұмыспен қамтылу деңгейін арттыру және тұрақты жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттыру мақсатында «Еңбек» бағдарламасы шеңберінде «Бірінші жұмыс орны» және басқа да жобаларды іске асыру. Осы шаралар нәтижесінде жастар жұмыссыздығын 3,9%-ға дейін төмендету көзделген. Мұнан бөлек жас қазақстандықтар өмірінің негізгі саласын қамтитын жастар саясатын дамытуға бағытталған «Jas Otan» Жастар қанатымен 2025 жылға дейінгі «Жастар – Отанға!» бағдарламасы әзірленді.

«Nur Otan» партиясының көшбасшысы Н.Назарбаевтың тапсырмасы бойынша 5 жыл қатарынан жүзеге асырылатын бағдарлама жастар өмірінің барлық саласын қамтитын 5 бағыттан тұрады. Олар: жастардың азаматтық бастамаларын қолдау, білім беру сапасын арттыру, жұмыспен, тұрғын үймен қамтамасыз ету және жастардың бос уақытының тиімді өтуіне атсалысу. Бұл бағдарламада «Азаматтық белсенділік» бағыты бойынша облысымызда волонтерлік қызметке тартылған жастардың үлесін 2025 жылға дейін 3%-ға және жастар бастамаларын қолдау бойынша гранттық қаржыландыруды 3%-ға ұлғайту енгізілді.

NEET санатына жататын жастардың үлесін 2025 жылға дейін 7,8%-ға төмендету секілді жастарды толғандырған барлық мәселелер осы «Жастар – Отанға» жобасында толық қамтылған, – дейді «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ләйлә Төрешова.

АУЫЛ

Ендігі кезекте «Ауыл» партиясына тоқталсақ. Атауы айтып тұрғандай, бұл саяси партия ауыл халқының тұрмысын жақсартуға бағытталған. Ал ауыл жастарының мәселесі қаншалықты қамтылғаны жайында "Ауыл" халықтық демократиялық партиясы Жастар қанаты төрағасы Нұрмағанбет Айтбай сөз қозғады.

Нұрмағанбет АЙТБАЙ, "Ауыл" халықтық демократиялық партиясы Жастар қанаты төрағасы

– «Ауыл» партиясының жастарды қолдау жөніндегі бастамалары жүйелі өзгерістерді көздейді. Себебі қазіргі ауыл жастарының алдында тұрған негізгі мәселе – экономикалық дербестік. Бұған ауылда тұратын жастардың айтарлықтай бөлігінің төмен табысы мен жұмыссыздықтың жоғары деңгейі әсер етуде. Жастар отбасылық бюджетті қолдаудың қосымша көзін іздеуге мәжбүр, ал 90%-ында қосымша табыс көзі жоқ. Бүгінде ауыл жастарын қолдаудың қосымша тетігі қажет. Партия бұл әлеуметтік және нарықтық сала сияқты ауылдың инфрақұрылымын дамыту және кешенді түрде жүзеге асырылатын шаралар болу керек деп санайды. «Ауыл» партиясының бастамалары жастар үшін ең өзекті мәселелерді шешуге бағытталған. Бұл сапалы ауыз судың тапшылығы, жолдардың жай-күйі, медициналық қызмет көрсету мәселесі, бос уақытты тиімді өткізуге арналған мекеменің жетіспеуі немесе қол жетімсіздігі, байланыс пен интернет сапасының төмендігі барлығы ел болашағы саналатын жастардың жағдайын жасауға бағытталады, – дейді Нұрмағанбет Айтбай.

AQ JOL Demokratialyq Partiasy

«Ақ жол» партиясы «Қазақстанға еркін, мықты әрі өзіне сенімді жастар қажет» деп ел жастарын партияға мүше болуға белсенді шақыруда. Енді партияның жастарға жасаған жобасына тоқталсақ.

– Партияның 255800 мүшесі бар. Оның ішінде жастардың үлесі – 11,3%. Парламент Мәжілісіне кандидат болып тіркелгендер саны – 38, жастар үлесі –

Жорабек ӘКІМБЕКҰЛЫ, «Ақ жол» демократиялық партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы

30%. Қызылорда облыстық филиалы бойынша – 6925 партия мүшесі бар, оның ішінде жастар үлесі – 19%. Облыстық филиал бойынша барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттығына кандидаттар саны – 27 болса, соның ішінде 30%-ы жастар мен әйелдер. Яғни 27 кандидаттың 7-еуі жастар. Партияның сайлауалды бағдарламасы 5 бағыттан тұрады. Оның ішінде жастарды қолдауға бағытталған шараларымыз да бар. Жастарға өз таңдауын жасауға мүмкіндік беруге міндеттіміз. Жастардың ой еркіндігін шектеу – саналы түрде оларды жалғандыққа және өзін кем санауға үйретумен бірдей. Ондай ұлттың ұрпағы ез болып өседі. Ал бізге ез емес, еркін, күшті және өзіне сенетін ұрпақ керек. Осыдан тура бір ғасыр бұрын, Алаш ақыны Мағжан Жұмабайұлы «Мен жастарға сенемін» деп жырлаған. Ал жүз жыл өткен соң неліктен сол жастарға сенбейміз? Неліктен олардың өз таңдауына кедергі жасаймыз? Осы тұста жас отбасыларды ынталандыру және бала туу өсімін арттыру үшін «Ақ жол» демократиялық партиясы 2013 жылдан бастап жас отбасылар үшін ипотекалық несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялауды, бірінші бала туғанға 25%, екінші балаға 50%, үшінші балаға 75% мөлшерінде енгізуді табанды түрде ұсынып келеді. Көп балалы отбасыларға ипотеканы 2 пайызбен беру мәселесін қолға алады. Бүгінде үкіметтік бағдарламалар көпбалалы отбасыға арналған. Бірақ ешқандай отбасы бірден көпбалалы болмайды. Жастарды әрбір кезекті баланың дүниеге келуіне кезең-кезеңмен ынталандыру керек. Сонымен қатар ауылдық жердегі дарынды балаларға арналған білім беру мекемелерінің жүйесін құру қажет. Талантты жастардың елден кетуін тоқтататын жүйелі бағдарлама енгізу маңызды. Жыл сайын мыңдаған талантты жастар елден кетіп, қайта оралмауы – біздің ұлттық трагедиямыз. Қазақстанда өмір сүру және жұмыс істеу, елде өсу мүмкіндіктері басқа кез келген шетелге қарағанда әлдеқайда тартымды болу керек. Баршаңызға белгілі «Ақ жол» партиясы кәсіпкерлерді қолдайтын партия болғандықтан, елдегі кәсіпкерлердің, соның ішінде облыстағы шағын және орта бизнес өкілдері мен кәсібін елде ашқандардың дені жастар. Олай болса, бағдарламаның «Нарықтық экономика және кәсіпкерлікті қолдау» деп аталатын бөлімі де шағын және орта бизнеспен айналысып жүрген жас буын өкіліне арналған десе болады. Қазақстан қазір қалыптасқан мемлекет ретінде келесі кезеңге аяқ басты. Ал қазір жылдар бойы қордаланған мәселелерді шешу үшін икемді тәсілдер, үйлестірілген басқару әдісі керек. Мемлекетті басқару ісіне қоғам жан-жақты араласып, оны бақылау қажет, – дейді «Ақ жол» демократиялық партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Жорабек Әкімбекұлы.

QAZAQSTAN HALYQ PARTIASY НАРОДНАЯ ПАРТИЯ КАЗАХСТАНА

Қазақстанның Коммунистік халықтық партиясының атауы "Қазақстан Халық партиясы" болып өзгеріп, ребрендинг жасалды.

Талғат ТЕЛЕУБАЕВ, Қазақстан Халық партиясының Қызылорда облысы бойынша штаб жетекшісі

– ҚХП Қызылорда облысында 5400 адам тіркелген. Партия мүшесінің 30%-ы жастар. Қызылорда облысы бойынша Парламент мәжілісі мен мәслихат депутаттығына үміткер жастар саны – 3 адам. Сайлауалды бағдарламада жастардың жағдайын жақсартуға бағытталған жобалар жетерлік. Мәселен, жас отбасыларға 1%-бен ипотека беру. Білім қолжетімді болу керек. Ол үшін тегін білім алуға көшу маңызды. Қажеті шамалы жоғары оқу орындарының санын қысқарту арқылы білім сапасын арттыра аламыз және экономиканың қажеттілігіне қарай қайта қараймыз. Ребрендингтің негізгі мақсаты – өзімізді жақтастардың санын арттыру. Яғни партиямызға жастар да мүше болғанын қалаймыз. Қазақстанда қазір әлеуметтік әділеттілікті қалайтын кейінгі буын өкілдері көп. Экономикалық дағдарыс олардың да мүмкіндігін азайтты. Жұмыс таппай, табысын жоғалтқандар бар. Мемлекет қазір жастарды қолдау және дамытуға қатысты тиімді бағдарлама ұсынып отырған жоқ. Партия жеке тұлғаларға несие амнистиясын жасау жөнінде бастама да көтерді. Қарызын төлей алмай жүрген азаматтарға мұндай қолдау аса қажет, – дейді Қазақстан Халық партиясының Қызылорда облысы бойынша штаб жетекшісі Талғат Телеубаев.

P.S. ***Қай партияның сайлауалды бағдарламасын қарасақ та, жастар мәселесі елеусіз қалмаған. Ел болашағы саналатын бүгінгі буынның әлеуметтік жағдайының жақсаруы, білім мен тұрғын үйдің қолжетімді болуына кепілдік берген партиялардың қайсысы саяси бәсекеде топ жарары белгісіз. Әзірге бәрін уақыт еншісіне қалдырдық.***

Елжас АЛТЫНБЕКОВ, футболшы:

"ҚАЙСАРДЫҢ" НАМЫСЫН ҚОРҒАУҒА ДАЙЫНМЫН

Дала қасқырлары жаңа маусымда жергілікті футболшыларға иек артады. Бұл – қызылордалық аяқдопшылар үшін зор мүмкіндік. Бүгінде "Қайсар" екінші оқу-жаттығу жұмысына кірісуге дайын. Дайындық алдында команданың шабуылшысы Елжас Алтынбековпен әңгімелестік.

– Елжас, өткен маусым оңайға соқпады. Пандемия салдарынан премьер-лига желтоқсан айына дейін созылып, суық ауада доп теуге мәжбүр болдық. Жалпы чемпионат жайлы аз-кем тоқталсаң...

– Әрине, өткен маусымды қиын болады деп ешкім күтпеді. Барлығы ойдағыдай басталғанмен 5 ай бірінші лік үзіліп қалды. Соның салдарынан көп футболшы формасын жоғалтып алды. Оның арасында өзім де бармын. Тамыз айында жалғасқан соң ойындардың кестесі тығыз болды. Бір аптада 3 ойын өткізген сәттерді көрдік. Бұл футболшылар үшін ауыр болды.

– Өткен маусым сіз үшін сәтті болды деп айта алмаймыз...

– Иә, көп жағдайда қосалқы құрамда қалдым. Оның түрлі себептері бар. Жалпы командада әр позицияда бәсеке жоғары болды. Жаттығу барысында жарақат алып, біршама ойындардан тыс қалдым. Барлығы 4 кездесуге шығып, бір мәрте көзге түстім. Бұл – шабуылшы үшін жақсы нәтиже деп айтуға келмейді. Алдағы маусымда көрсеткішті ұлғайтып, гол соғуға жұмыс істеймін.

– Командаға жергілікті жаттықтырушы Сұлтан Әбілдаевтың қайта оралғаны көпшілікті қуантты. Ойыншылар жаңа бапкерді қалай қабылдады?

– Команда Сұлтан Тоқатайұлы тағайындалғанына қуанды. Өңір футболын дамытуда зор еңбек еткен жаттықтырушы. 2016 жылы қол астында жаттығып, бірінші лигада бақ сынадық. Сұлтан бапкердың арқасында жеңімпаз болып, премьер-лигаға жолдама алдық. Білікті бапкер. Жаңа бапкермен ел клубтары арасында алғаш болып дайындықты бастадық. Жергілікті футболшыларға көңіл бөлуді қалайды. Бұл біз үшін жақсы жаңалық.

– БАҚ беттерінде өзінді "Жетісу" мен "Атырауға" ауысады деген ақпар тарады. Бұл ақпарат қаншалықты рас?

– Қазір елде трансфер терезесі ашылып, командалар өздеріне қажетті ойыншыларды іріктеуде. Премьер-лигадағы 2-3 командадан ұсыныстар түсті. Бірақ әлі де нақтыланған жоқ. Сондықтан мына командаға ауысам деп айта алмаймын. Әзірге "Қайсардамын." Өзімді түлеткен командада барлығы оңтайлы болса, аймақтың намысын қорғауға дайынмын.

ЕКІНШІ ЖИЫН БАСТАЛДЫ

Қызылордалық "Қайсар" екінші оқу-жаттығу жиынын бастады. Бас бапкер Сұлтан Әбілдаев жиынға тек жергілікті футболшыларды шақыртты.

Жиынға шақырту алған футболшылар тізімі төмендегідей.

Қақпашылар: Нұрымжан Салайдын, Нұрмат Сәрсенов;

Қорғаушылар: Олжас Алтаев, Алдан Балтаев, Абылайхан Төлегенов, Руслан Дүйсенбаев, Елжас Сарбай, Ерболат Серік, Айбол Жахаев;

Жартылай қорғаушылар: Думан Нәрзілдаев, Ислам Әбілқасов, Ерболат Рүстемов, Бекзат Құрманбекұлы, Аян Құлмағанбетов, Бауыржан Мағжан, Самат Балымбетов;

Шабуылшылар: Өркен Махан, Шоқан Абзалов, Елжас Алтынбеков.

Айта кетейік, командаға келетін өзге футболшылар алдағы уақытта қосылады.

Суретті түсірген Н.Нұржаубай

РЕЙТИНГТЕГІ РЕТТІЛІК

Футзалдан Қазақстан құрамасы 2020 жылғы маусымның қорытындысы бойынша УЕФА рейтингінде төртінші орынға тұрақтады.

Жыл қорытындысы бойынша УЕФА рейтингін екі дүркін әлем чемпионы, жеті дүркін Еуропа біріншілігінің жеңімпазы Испания (2209,692 ұпай) құрамасы бастап тұр. Екінші орынға 2018 жылғы Еуропа чемпионы Португалия (2116,631) жайғасса, үшінші орынға Ресей (2098,095) құрамасы тұрақтаған. Солтүстіктегі көршіміздің бір ұпай кем жинаған жерлестеріміз (2097,180) жылды төртінші орынмен аяқтады.

Айта кетейік, Еуропа чемпионатының іріктеу кезеңіне қатысып жатқан Қазақстан ұлттық құрамасы алғашқы ойынын осы айда Мажарстан футзалшыларына қарсы өткізіп, 5:0 есебімен жеңіске жеткен. Енді жерлестеріміз келесі ойынын 2021 жылдың 28 қаңтарында сырт аланда Израильмен өткізеді.

АРУЛАР АЙТУЛЫ АЛАМАНДА

9-17 қаңтар аралығына Сербияның Сомбор қаласында әйелдер боксынан «Ұлттар кубогы» халықаралық турнирі өтеді. Айтулы аламанда қазақ арулары да бақ сынайды.

Аталған додада Қазақстан әйелдер боксы құрама командасынан 9 спортшы қатысады:

Арайлым Марат (48 кг),
Дина Жоламан (54 кг),
Владислава Кухта (57 кг),
Римма Волосенко (60 кг),
Жансая Балтабекова (64 кг),
Валентина Хальзова (69 кг),
Марина Вольнова (75 кг),
Гүлсая Ержан (81 кг),
Ләззат Күнгейбаева (+81 кг).

ҒАСЫР БОКСШЫЛАРЫ

Give Me Sport басылымы XXI ғасырдағы ең үздік 50 кәсіпқой боксшысының тізімін жария етті. Солардың қатарында біздің Геннадий Головкин де бар

Бұл күндері орта салмақта күш сынасып жүрген 38 жастағы қазақстандық боксшы үшінші орынға жайғасты. Әрине таңдануға болады. Кәсіпқой рингте жұдырықтасып жүргеніне 15 жылға жуықтап қалған GGG барлығы 43 кездесу өткізіп, 41 рет жеңіске жетті. 36 қарсыласын нокаутқа жіберді. Бір рет ұтылып, бір бәсекеде тең есеп тіркелді. Геннадий Головкиннің алдын тек Мэнни Пакьяо мен Флойд Мейвезер ғана орап тұр.

42 жастағы филиппиндік ширек ғасырдан аса уақыт бойы шаршы аланды армансыз шайқап келеді. Сол аралықта 71 рет жекпе-жек өткізген Пакьяо тек жетеуінде ғана ұтылды (62 жеңіс, 2 тең), 39 кездесуді мерзімінен бұрын аяқтады. 43 жастағы АҚШ-тың саңлағы осы спорт түрін 1996 жылдан бері серік етіп келеді. Мейвезер 50 бәсекенің барлығын өз пайдасына шешіп, 27 жекпе-жект

Сондай-ақ «ТОП-10» боксшының қатарына Рой Джонс, Владимир Кличко, Сауль Альварес, Леннокс Льюис, Оскар де ла Хоя, Бернадр Хопкинс және Джо Кальзаге сынды саңлақтар еніп отыр.

МЕКСИКАДАҒЫ КЕШ

Бірінші орта салмақта күш сынасып жүрген қазақстандық кәсіпқой боксшы Садриддин Ахмедов 30 қаңтарда Мексиканың Куэрнавака қаласында өтетін бокс кешінде өнер көрсетеді.

Жерлесіміз нидерландтық Стивен Даньомен жұдырықтасады. 31 жастағы қызғалдақтар елінің екілі осы күнге дейін 23 мәрте рингке көтеріліп, 17 рет жеңіс тойын тойлады. Алты қарсыласын ол нокаутпен ұтты. Үш кездесуде ұтылып, тағы үш бәсекеде тең есеп тіркелді. Осыдан үш жыл бұрын Англияның Саутемптон қаласында ұйымдастырылған жарыста Даньо қазақстандық Александр Журавскиймен кездесіп, ұпай санымен басым түскен еді.

Ал 22 жастағы Садриддин Ахмедовтың WBC нұсқасы бойынша жастар арасында әлем чемпионы деген атағы бар. Кәсіпқойлар арасында 11 жекпе-жек өткізген он барлығында жеңіске жетіп, 10 қарсыласын есінен тандырды. Бұл бәсекеде WBA Continental тұжырымының алтын белбеуі сарапқа салынады.

ЗАЙНУТДИНОВ ОНДЫҚТА

Ресейдің «Чемпионат» интернет-порталы ең үздік трансферлердің тізімін жариялады.

«ТОП-10» ойыншының қатарында Бақтияр Зайнутдинов та бар. Бұған дейін «Ростовта» өнер көрсеткен Бақтияр үстіміздегі жылдың тамыз айында ЦСКА-ның жейдесін киген еді. Ол кездегі оның трансферлік құны – 2 миллион еуроны құрады. Мәскеуге келген бетте Бақтияр бірден өрелі өнерімен көзге түсіп, көпшілік назарын өзіне аударды.

Ең бастысы, жерлесіміз әмбебап ойыншы ретінде біраауыздан мойындалды. Әскерилер клубының намысын қорғағалы бері Зайнутдинов алты бірдей позицияда ойнап үлгерді. Қазақстан ұлттық құрама командасының жартылай қорғаушысы ЦСКА-ның сапында 14 рет жасыл аланға шығып, қарсыластар қақпасын бір мәрте дәл көздеді.

Сонымен қатар үздік трансферлер тізіміне Герман Онугха («Тамбов»), Даниил Фомин («Динамо»), Хван Ин Бем («Рубин»), Джордже Деспотович («Рубин»), Резиуан Мирзов («Химки»), Денис Глушаков («Рубин»), Артем Тимофеев («Ахмат»), Кэнто Хасимото («Ростов») және Даниил Лесовой («Арсенал») сынды ойыншылар еніп отыр.

Бетті дайындаған: Е.ШӘРІБЕК

МУЛЬТФИЛЬМ КӨРЕЙІК

Әр жылдары "Қазақфильм" шығарған 10 мультфильм ашық көрсетілімге шығарылды деп хабарлады киностудияның Instagram парақшасында.

Балалар қысқы демалысында мультфильмдерді киностудияның Youtube арнасынан тамашалай алады.

Көрермендер мына мультфильмдерді көре алады:

1. «Кім патша болады?» (реж.: Ә.Біләлұлы, 2008 ж.)
2. «Голубая планета» (реж.: В.Чугунов, 1971 г.)
3. «Волшебное зеркало» (реж.: Г.Бекишев, 1990 г.)
4. «Держись ребята!» (реж.: В.Чугунов, 1974 г.)
5. «Цыплёнок» (реж.: Л.Аранышева, 1984 г.)
6. «Чьи уши лучше?» (реж.: С.Аралбаев , 1987 г.)
7. «Менікі» (реж.: Б.Әбдіқадыр, 2006 г.)
8. «Последний олень» (реж.: Г.Кистауов, 2006)
9. «Момын мен қарақшылар» (реж.: Б.Дәуренбеков, 2009 ж.)
10. «Ұры мен қасқыр» (реж.: Қ.Қасымов, 2005 ж.)

ЖЫЛ КІТАПТАРЫ



2021 жыл кітаптары анықталды деп хабарлады Ұлттық академиялық кітапхана. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы осымен 15 жыл қатарынан ұйымдастырып келе жатқан "Бір ел – бір кітап" акциясы аясында таңдалған кітаптар республикалық, облыстық, қалалық, аудандық, ауылдық және мектеп кітапханаларында кеңінен насихатталады.

Поэзия

1. Мұқағали Мақатаев «Өмірдастан».
2.Жұмекен Нәжімеденов «Менің Қазақстаным».
3.Ұлықбек Есдәулет «Киіз кітап».
4.Серік Ақсұңқарұлы «Көкейімде Күлтегіннің жазуы».
5.Тоқтарәлі Таңжарық «Түн парақтары».
6.Бақытжан Қанапиянов «Достояние души».

Проза

1.Тынымбай Нұрмағамбетов «Періштелердің өлімі».
2.Тобық Жармағамбетов «Отамалы».
3.Сәуле Досжан «Қасірет пен тағдыр».
4.Юрий Серебрянский «Дәмді де пайдалы қазақстандық әдебиет».
5.Дәурен Қуат «Бөрісоқпақ».
6.Тұрысбек Сәукетай «Желқайық».

Драматургия

1.Рахымжан Отарбаев «Айна ғұмыр» пьесалар жинағы.
2.Дулат Исабеков «Жеті желкен» пьесалар жинағы.
3.Мәдина Омарова «Көмбе нанның дәмі».
4.Иран-Ғайып «Қорқыттың көрі» пьесалар жинағы.
5.Думан Рамазан «Пешене» пьесалар жинағы.
6.Сая Қасымбек «Жанталас».

Балалар әдебиеті

1.Ыбырай Алтынсарин «Өнер-білім бар жұрттар».
2.Бердібек Соқпақбаев «Жекпе-жек».
3.Марат Қабанбаев «Жиһангез Тити».
4.Толымбек Әбдірайым «Алабұға аулаған күн».
5.Зира Наурызбаева, Лиля Калаус «Алтын тостағанды іздеу».
6.Мәди Айымбетов «Бар болғаны он төрт жас».

Аударма

1.Юсупов Кеңес, Габриель Гарсиа Маркес «Жүз жылдық жалғыздық».
2.Әдетов Бекболат, Эрих Мария Ремарк «Аманат өмір».
3.Ахметов Әділ, Агата Кристи «Ғайып болған миллион».
4.Меллат Төлеген, Халид Хусейн «Жарқыраған мың күн».
5.Мәзен Динара, Ж.К. Роулинг «Хэрри Поттер мен жасырын бөлме».
6.Құрметұлы Амангелді, Орхан Памук «Менің атым – Қырмызы».

КӨШБАСШЫЛАРДЫҢ ҚҰПИЯСЫ НЕДЕ?

Таңертеңгі әдет күндізгі жұмыстың өнімді болуына әсер етеді. Табысты адамдар күнді өнімді өткізу үшін белгілі бір әдеттерді, қатаң күн тәртібінде ұстанады. Назарыңызға белгілі жеті кәсіпкердің күнді қалай бастайтынын және тиімді болу үшін қандай әдеттен бас тартқанын ұсынамыз.

ТАҒЫ БЕС МИНУТ

Таңертең "жеткілікті ұйықтауға" тырысу және "тағы бес минут ұйықтаймын" деген сылтаумен телефон оятқышын қою – бұл табысты бизнес басшылары ешқашан жасамайтын әдет.

"Табысты адамдар арасында телефон оятқышын қайта қоятындарды таба алмайсыз. Бұл өзіңізге берген уәдеңізді – белгілі бір сағатта ояну туралы келісімді бұзуды білдіреді. Табысты адамдар уәдеде тұру, әсіресе берген уәде тиімділіктің басты факторы екенін біледі", – дейді Birdsong-тің негізін қалаушы және атқарушы бас директоры Моника Снайдер.

ҰЙҚЫДАН ОЯНҒАННАН КЕЙІН ТЕЛЕФОН АҚТАРУДЫ ДОҒАРЫҢЫЗ

Күннің жақсы басталуы мен қажетсіз нәрселерге алаңдаудың айырмашылығы – ойдың айқындығы мен шоғырланушаның және жоспардың жақсы құрылуында. Таңертең ояна салып барлығымыз істейтін зиянды әдеттердің бірі – телефон ақтару, электрон поштаны, әлеуметтік желілерді, жаңалықтарды тексеру", – дейді Common Giant-тың негізін қалаушы Филип Окли.

Оның айтуынша, мұндай жұмыстың барлығы өз уақытында жасалу керек.

КҮНДІ ЖОСПАРСЫЗ БАСТАМАУ

"Күнделікті жұмыс жоспарын құру – кәсіпкерлер үшін маңызды әдет", - дейді GTIF Capital серіктесі Дэвид Чен.

Оның айтуынша, жұмысты жоспарлау оң энергияны сақтауға және күйзелістен аулақ болуға көмектеседі, уақытты реттейді.

"Жаңа жұмыс күнінде қандай тапсырмалар бар екенін нақты білу маңызды. Жоспарланған күн жоспарланбаған күннен әлдеқайда тиімді", – дейді Чен.

СПОРТПЕН АЙНАЛЫСУ

MonsterInsights компаниясының негізін қалаушы Крис Кристофф таңертеңгі жаттығулар денсаулық кепілі ғана емес, жұмыста да нәтижелі болуға мүмкіндік беретінін айтады.

"Дене шынықтыру мен физикалық денсаулық қатаң тәртіп пен жоспарлауды қажет етеді. Жаттығу арқылы денсаулықты жақсартуға ұмтылу мансапта тәртіпті болуға көмектеседі", – дейді Кристофф.

ТЕЛЕФОН ҚОҢЫРАУЛАРЫ

Be Inspired PR-нің негізін қалаушы және атқарушы бас директоры Лейла Льюис таңертең телефонмен сөйлесуден бас тартатынын айтады.

"Өнімді адамдар күнді қоңыраулармен бастамайды, уақытты жоспарлаумен айналысады", – дейді ол.

БАСҚАЛАРДЫҢ ІСІНЕ НАЗАР АУДАРУ

"Егер сіз өзіңіздің басымдықтарыңыздың орнына басқаларға назар аударсаңыз, сіз ешқашан мақсатқа жете алмайсыз", – дейді Designli директоры Кейт Шилдс.

Көшбасшы адамдар өзін қайда бағыттайтынын және неге назар аудару керегін біледі. Олар қымбат уақытын біреудің әлеуметтік парақшасын қарау сияқты істерге жұмсамайды.

ӨТКЕНДІ ЖИІ ЕСКЕ АЛУ

Virtus Flow негізін қалаушы Риккардо Конте бұрынғы қателіктер мен шешімдерге байланбаудың маңызды екенін айтады.

"Әр таң – бұрын-соңды болып көрмеген нәрселерді жасаудың және жаңа жетістіктерге жетудің жаңа күні. Егер сіз оянғаннан кейін кеңседе қалған аз жұмыс туралы ойлана бастасаңыз, онда сіз жаңа міндеттерге назар аудара алмайсыз. Мазасыздық ұйқыға әсер етеді. Қажет емес ойлардан арылыңыз, оянған кезде тек артқа емес, алға ұмтылыңыз", – деп кеңес береді Риккардо.

Т.РАУШАНҰЛЫ

JULDYZ – JORAMAL

7-13 қаңтар

ТОҚТЫ

Бұл аптада сізге демалуға уақыт жетпейді. Бизнесте қаржылық шығынға ұшырауыңыз мүмкін. Өйткені сізге заттың істен шығуынан күтпеген жерден орын алған келеңсіз жағдайды түзету қажет болады. Өндірістің барысы әрқелкі жағдайда, бірде кәсібіңіз тұрып қалса, бірде келген адамдардың ығына тап бере алмай қаласыз. Барын уақыттың еншісіне қалдырған дұрыс. Жұлдыздар сізге жаңа жұмысқа ауысуға, үй алып немесе баспанаңызға жөндеу жұмыстарын жасауға және маңызды шешімдерді жүзеге асыруға кеңес бермейді.

ТОРПАҚ

Аптада бірігіп істеген жобалар алға қарай жылжып, қаржылай табыс әкеледі. Түрлі жағдайға байланысты адамдармен көп араласасыз. Аптаны жалғыздықта өткізбеген дұрыс. Өзіңіздің шығармашылық қабілетіңізді көрсетуден тартынбаңыз. Егер біреумен көңіл жарастыруды ойлап жүрсеңіз, апта сіз үшін таптырмас уақыт.

ЕГІЗ

Жылдам шешім қабылдаудан сақ болған жөн. Бұл уақытта көрісінше, маңызды дүниелерді жақындармен талқылап, ақпаратты тексеріп, барынша мұқият болу керек. Жұмыстың жемісін күтуіңізге тура келеді, ал нәтиженің көріную сіздің еңбекқорлығыңыз бен қабілетіңізге байланысты болады. Байыпты, байсалды істерге бет бұрыңыз. Бұл уақытты мәселенің шешімін табуға және алға жоспар құруға арнаған дұрыс. Аптада әр істің тереңіне жетіп, жұмысыңыздағы басқа қырынан танисыз. Басшылыкпен және өріптестермен қарым-қатынаста эмоцияға берілмеңіз, еңіткеі олардың тарапынан түсінбеушіліктің орын алуы ғажап емес.

ШАЯН

Өз қабілетіңізді көрсету үшін апта таптырмас уақыт. Соның арқасында шығармашылық белестерге жетесіз. Жомарттығыңыз бен өмір сүруге деген құштарлығыңыз айналаңыздағыларға қуат беріп, жағымды эмоция сыйлайды. Ең ауыр мәселенің шешімі тез табылады. Өзіңіз мақсат еткен нәтижеге жетіп, барлығынның назары сізге ауады. Алға қойған жоспарларыңыз не ойлағаныңызға тікелей байланысты болады.

АРЫСТАН

Аптаның бірінші жартысында шығармашылық және іскерлік белсенділік таныту қолайлы болады. Бұл кезде сіздің танымалдығыңыз артады. Өзіңіздің көзқарасыңызды дәлелдеп, өміріңіз ұстанымыңызды бекітуге мүмкіндік туады. Балаларыңмен, жақын туыстарыңызбен қарым-қатынас жанданады. Алайда аптаның ортасында жұмысыңызда біраз қиындықтар орын алады, ісіңізге кедергілер мен әріптестердің наразылығына тап боласыз. Сіздің жеке басыңызға қатысты қолсұғушылыққа жол бермейсіз, сондай-ақ сіздің әдістеріңізге күмәнмен қарайтындарға және қысым көрсетуге тырысатындарға қарсылығыңызды ашық білдіресіз.

БИКЕШ

"Қысқа әрі нұсқа" ұстанымы – жетістік сыйлайтын негізгі қағида. Ең қиын деген сұрақтың шешімін табасыз. Жұмыс кестесіне мән берген жөн, өйткені біраз қиындықтар туындайды. Сондықтан ұсақ-түйектер мен ұқыптылық жайлы ұмытпаңыз. Іскерлік әңгімелесу барысында тақырып аясынан ауытқымаған дұрыс, бұдан бөлек арақашықтық пен беллілі бір ережені ескеріңіз. Осы айда мансабыңыз, беделіңіз, кәсіби және әлеуметтік жетістігіңіз жайлы ойланып, ой түйетін сәт туды.

ТАРАЗЫ

Қаңтар – кәсіби біліктілік арттыратын курстардан өтуге таптырмас кез. Өзіңіз кезігетін барлық ақпаратты сараласаңыз, себебі алдағы уақытта бұл мәліметтер сізге пайдалы әрі қажет болады. Кішкентай қателік үлкен мәселеге айналуы мүмкін, сондықтан мұқияттылық танытыңыз. Бұл айда жұмысқа, мамандыққа және мансабыңызға қатысты дүниелерді шешуге болады. Мақсатқа жету үшін жұмыста белсенділік, кәсіби жауапкершілік керек. Осы кезең алдағы жоспарларыңыз бен өмірлік мақсаттарыңыз жайлы ойлану үшін уақыт болады.

САРЫШАЯН

Кәсіби басылымдарға мақала жариялау үшін сәтті кез. Апта сіз үшін демалыс пен саяхаттауға келмейді. Жұмысыңыз көбейіп, бұған дейінгі жобаларды тұзетуге тура келеді. Сапарларыңыз тек жұмыс бабымен болған дұрыс. Осыған орай, сізге лауазымыңызды арттыруға, кәсіби біліктілігіңізді көрсетуге және түрлі іскерлік курстардан өтуге мүмкіндік туады. Сіз үшін нағыз жұлдызды апта болады.

МЕРГЕН

Жаңа мамандыққа ауысуға, кәсібіңізге өндіріс деңгейін арттыру үшін өзгеше серпін сыйлауға қолайлы уақыт. Бұған қоса келіссөздер, ақпаратпен жұмыс істеуге, оқуға және сапар шегуге жағдай туады. Жұмыста орын алған кез келген мәселені ақыл-ой ерісінің кеңеюі, жылдам ойлау, есте сақтау және түйсігіңіз арқасында шеше аласыз. Маңызды құжаттарға қол қою үшін, келісімшарттар жасау үшін осы уақытты пайдаланғаныз болады. Дене шынықтыру мен физикалық қозғалысты талап ететін еңбектен өзіңізді аулақ ұстаңыз: бет, бас, омыртқа жарақатын алу және жүрегіңізге ауыртпалық түсіру қаупі бар.

ТАУЕШКІ

Апта сіз үшін ойыңызды мазалаған сұрақтардың жауабын табуға және интеллектуалды жұмысқа арналған. Қоғамдық қарым-қатынасты дамытып, жаңа таныстыққа жолығасыз. Сіз басшылықпен, тіпті, билік өкілдерімен келісімге келіп, өзіңіздің жобаларыңызды іске асырып, позицияларыңызды көрсете аласыз. Осы уақытта түйгеніңіз пайдаңызға жарайды. Сіздің қабілетіңізге байланысты жаңа идеяларды ойлап табу үшін және оларды кәсіби мақсатта немесе мамандығыңызда қолдану үшін шығармашылық белсенділігіңіз артады.

СУҚҚЫҒЫШ

Іскерлік байланысыңыз кеңейіп, бұрын кездеспеген адамдармен танысасыз. Өз көзегінде жаңа танысулар сіздің кәсіби мансабыңызға әсер етеді. Құжаттармен жұмыс шаршатады, бірақ ақыры сәтті аяқталады. Бір айта кетерлігі, өзіңіздің әлсіз тұстарыңызға көз жұмып, басқалардың өзіңіз туралы ойын естуге құштар боласыз. Дегенмен жұлдыздар осы тұста абай болуға кеңес береді. Өзіңізді көп мақтай беруге болмайды. Егер сабырлық танытсаңыз, жұмысыңыз әрге домалап, тіпті, рухани ұстазыңыз бен басшылықтың ризалығын аласыз. Қоғамдағы белсенділіктің пайдасы тиеді. Құрғақ уәделерден аулақ болыңыз.

БАЛЫҚТАР

Өзіңізді дамытуға, белсенділік танытуға қолайлы кезең. Сіздің қолыңыздан бәрі келіп, бірқатар артықшылықтарға ие боласыз. Дегенмен бұл жағдай айналадағыңыздардың қызғаныстын тудыруы мүмкін. Беделіңіз өседі, дегенмен пікірлердің келіспеуі орын алып, басқалармен қарым-қатынасыңыз қиындай түседі. Ресми органдармен сөзге келмей қалудан абай болыңыз, сонымен қатар мемлекеттік мекемелерге бармай қоя тұрыңыз.

Кезекші редактор: Гүлдана ЖҰМАДИН

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген.
«Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU басна үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР Айжан АБДУЛЛАЕВА

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8091
Тапсырыс № 18